

8415937
14.81 → 05

МІРЖАҚЫП ДУЛАТХЫ

ДАЙ НАБАК

Каримов, Хусейнов ширкәсінің "ШАРК" мәтбұғасы, Уфа, 1909



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

АЯН, ҚАЗАҚ!

Көзіңді аш, оян, қазақ, кетер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам бол,
Қазағым, енді жату жарамасты!

0

X
46 24.5

- 31705 -

«Алматы БС»
«Алматы Орда» 1991
Казахстанская область

**Құрастырған, алғы сөзін жазған
Марат Әбсеметов**

**Пікір жазған Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі
Зәки Ахметов**

**Араб әрпінен қазіргі әріпке түсірген
Хасен Әзденбаев**

**Суретшілер:
Байғазы Абдрахманов, Нуран Айымбетов**

Міржақып Дулатұлы

**«Оян, қазақ!»— құраст. М. Әбсеметов — Алматы;
Н. Б.— Пресс — Алтын Орда, 1991, 80 бет, суреті,
портр.**

XX ғасырдың бас кезінде Міржақып Дулатұлының (1885—1935) «Оян, қазақ!» жинағы қазақ халқының АЗАТТЫҚ жолындағы күресінің манифесіндегі зор роль атқарған кітап болғаны ақиқат. Оның бағасы Көшке Кеменгерұлының пікірінде айқын да дөл берілген:«Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттады. Міржақып атын алғашқа таратқан осы «Оян, қазақ!»

Сериясы: ISBN 5-7085-0035-2

(C) Марат Әбсеметов алғы сөзі.

(C) Байғазы Абдрахманов, Нуран Айымбетов, көркемделуі.

АҚЫННЫҢ АЗАМАТТЫҚ АЖАРЫ

немесе «Оян, қазақ!»
авторы хақында бірер сөз.

1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шықты. Оның бірі Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі — Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысалы», үшіншісі — «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатовтың публицистикалық-лирикалық жинағы.

Көрнекті қоғам қайраткері, ак сұнқар ақын С. Сейфуллин, сол кездегі қоғамдық өмірге баға bere келіп, «Қазақ зияялыштары хақында» деген мақаласында: «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жылдан бастап-ақ... революциялық идея, ұлттық тәндік пен азаттыққа үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигентиясының ол кездегі дем берушілері Бекейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды», — деп жазуы тегін емес.

Міржақып Дулатов таланттының нағызы шырқау сөті езілген қазақ халқының тарих сахынасына шыққан революциялық күрестер мен шайқастар дәүіріне дәлме-дәл келді. Болашаққа деген нық сеніммен жігерленген оның творчествосы қазақ халқының бостандығы мен тәндігі жолындағы күресімен тығыз байланысты, ол халықты оянуға, білімге, оқу-ағартуға, күреске үндеді.

Міржақып Дулатовтың тағдыры — патша өкіметінің құғын-сүргіні мен сталиндік репрессияның зардабынан тар жол-тайғақ кешуді басынан өткізіп, қатары сирек тартса да өділет пен шындық жолында халқының мұң-мұқтажын жоқтаған қазақ зияялыштарына тән тағдыр.

Міржақып Дулатов творчестволық жолында Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, Э. Бекейханов, И. Гаспринский, М. Шоқаев, Ж. Аймауытов, Б. Қаратасев, Д. Сұлтанғазин, М. Жұмабаев, М. Сералин, т. б. үлт мәдениеті-

нің көшбасшыларымен тізе қосып, қанаттасып ғұмыр кешті. Атақты шығыстанушы-ғалымдар А. Крымскиймен, Вл. Гордлевскиймен, татар әдебиетінің классигі F. Тоқаймен достық қарым-қатынаста болды. Соловецк лагерінде айдауда жүргенде философ Флоренскиймен, академик Д. С. Лихачевпен, украин ұлттық театрының негізін салушы О. Курбаспен ауыр да азапты күндерді бірге бөлісті.

Міржақып Дулатов 1885 жылы қараша айының 25 күні Торғай уезінің Сарықопа болысының үшінші аулында атақты шебер Дулат шаңырағында дүниеге келді. Дулат қолымен жасалған ат әбзелдері, саптама етіктері, әйелдердің жұмсақ мәсілдері бүкіл Сарыарқаға әйгілі еді. Міржақыптың аласы Дәмеш қарапайым, жұмсақ мінезді еді, алайда той-думандарда жан тебірентер әсем даусы атақты әншилердің өздерін таң қалдыратын. Екі жасында Міржақып аласынан айрылады. Сегіз жасында оны әкесі ауыл молдасына окуға береді, бірақ та Міржақып өз өмірбаянында жазғанындей, ауыл молдасынан араб дүғалыларын жаттағаннан басқа ештеңе үйренбеген екен.

Екі жылдан соң Міржақыпты аласы ауылдағы орыс мектебіне береді. Ол туралы Міржақып кейін былай жазған:

Школге беріп еді атам марқұм,
Заманың түрін көріп тарылатын.
Орыстың тілін біліп, хатын танып,
Біреуге болмасын деп жалынатын.

Ауыл мұғалімі Мұқан Тоқтабаев орыс тілімен қатар қазақ тілі мен әдебиетін де оқытатын. Жас Міржақып тебірение отырып Абай, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен танысады. Пушкин, Лермонтов, Крылов, Некрасов творчестволарын зерттейді.

«1897 жылы,— деп жазады Дулатұлы өз өмірбаянында,— мен 2 кластиқ орыс-қазақ училищесіне түстім (Торғайдағы), оны бітіргеннен кейін оқытушылар курсында оқып, ауыл мұғалімі деген мамандық алдым. Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталады. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос үақытымды білімімді жетілдіруге жұмсадым».

Оз бетінше дайындалудың арқасында ол орыс тілін жетік менгерді, сондай-ақ орыс және шетел жазушыларының творчествосымен танысты. Оның пір тұтатын адамдары Фирдоуси, Ахмет Яссави, Абу Фирас, Шиллер, Гете, Ломоносов, Пушкин, Лермонтов, Поль Верлен, Маржани болды.

Алыс ауылдарда мұғалімдік қызметін атқара жүріп Міржақып жәбір көрген, теңдігі жоқ қазақ халқының қой-

науында үлкен дауылдың пісіп жетілгенін көреді. Саяси жер аударылғандардың арқасында ол біржолата патшаның отарлау саясатына қарсы күрес жолына түседі. 1904 жылдың басында Міржақып Дулатұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы екеуі бірігіп үндеулер жазады. Бұл үндеулерде Алаш ұлдарын патшаға қарсы күреске шақырады. Қазеқ халқының ішінде наразылық күшіне түсті. Патша үкіметі қазақ халқының наразылығының көтеріліске айналуынан қорқып саяси тінтулер жүргізе бастады, кітапханаларды жапты, поча хабарларын конфискіледі. Осы кезде Міржақып пен Ахмет Омбы қаласына жүріп кетеді. Бұл жерде Дулатов қазақ революционерлері Ә. Бекейханов, Ж. Ақбаевтармен танысып, жасырын үйрімелерге қатысады. Патша құзетшілерінен бой тасалап ол Зайсанға келеді. Осы жерде ол Бекмұхаммет қажы ашқан қазақ мектебінде қазақ және орыс әдебиетінен, арифметикадан сабак береді. Кейіннен оның шәкірттері Мысырда, Стамболда, Қазанда, Уфада, Орынборда және басқа қалаларда оқуын жалғастырады. Қыстың ұзақ кештерінде М. Дулатов Достоевский шығармаларын, орыс газет-журналдарын оқиды. Жергілікті халықтан ол айдауда жүрген ақын Николай Ватсон туралы біледі. Н. Ватсон Петербургтегі студенттердің экономикалық қоғамының үйімдестірушіларының бірі болатын. Ол А. Ульянов және халықшыл В. Г. Богораздың жолдасы еді. Ватсон ерте қайтыс болғанымен артына зор творчестволық мұра қалдырыды. Оның бостандықты, еркіндік аңсап шығарған өлеңдері Міржақыптың жан дүниесіне үлкен әсер етті.

1905 жылы Міржақып Қарқаралыдағы демонстрацияға қатысады. Ол басқа да алдыңғы қатарлы қазақ зиялышары сияқты туған халқының патша езгісінен тезірек азат болуын армандаиды. Өз үмітін орыс-жапон соғысымен байланыстырып «Жұмбақ» деген мысал жазды. Міржақып патшалық Россия соғыста жеңілгеннен кейін, енді ішкері лықсып, қазақтарды туған атамекендерінен көшіріп, ең шұрайлы жерлерді қоныс аударушыларға тартып әпергендігі туралы да ашына жазды. Шынында патша өкіметі I Думаның депутаты Марковтың айтқан ойын ұстанып келді. Марков: «Қазақтар Шыңғысхан мен Ақсақ Темірдің ұрпақтары, сондықтан да оларды Америкадағы үндістер қандай күйге ұшыраса, нақ сондай күйге ұшырату керек» деген болатын. М. Дулатовтың осы «Жұмбақ» мысалы кейін «Оян, қазақ!» атты жинағына кірді. 1911 жылы қыркүйектің 19-ы күні Орынбор губернаторы баспасөздің Бас басқармасына жазған хатында осы кітап және «Жұмбақ» мысалы жайлы былай деп жазған екен: «...өзінің мазмұны жағынан бұл ислам дінін

ұстанушылардың жол бастаушысы және қазақтар арасында орыс өкіметінің саясатына қарсы наразылық тудырушы, сонымен қатар «Жұмбақ» атты мысалда үлі мәртебелі императорды қорлайтын сөздер бар».

Москва желтоқсан көтерлісінің нағыз қызған шағында Оралда бес облыстың съезі (1905 ж.) болып өтті. Бұл съезде қазақ конституциялық-демократиялық партиясы құрылды. Съезд жұмысына көрнекті қазақ, татар қоғам қайраткерлері: Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ф. Тоқай, А. Бірімжанов, Б. Қаратасев, Ш. Қошығұлов, К. Тухватуллин, Б. Құлахметов, Х. Досмұхамедов, М. Тынышбаев және басқалар қатысқан еді. 1905 жылы 25 желтоқсанда Орал қаласында шығатын қазақ кадет партиясының органды «Пікір» газетінде съезд программасы жарияланды. Съезд мінбесінен делегаттар дін бостандығы, ұлттық мәдениетті дамыту, туған тілдің тәндігі туралы сөйлемді. Съезд делегаттары патша өкіметіне петиция жолдады. Бұл петицияда қазақ халқының талаптары жазылған еді.

1906 жылы съезд делегациясының құрамында Міржақып Санкт-Петербург қаласына келеді. Осы жерде ол алдыңғы қатардағы қазақ интеллигенциясының өкілдері: Сералы Лапин, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Мұстафа Шоқаев, Халел Досмұхамедов және басқалармен кездеседі, оқудағы жастармен жүздеседі, оларды көріп, сүйсінеді.

Петербург үйлерінде Абай өлеңдері, Құрманғазы мен Тәттімбет күйлери естіліп жатты. Мұның арты қазақ халқының бостандығы туралы, оның патша өкіметінен көрген қысымы жайлы ұзақ әңгімелерге айналатын. Қазақ зиялдарын қатты толғандыратын бірде бір патша өкімдері мен министрлерінің туған халқының талаптарымен санаспайтындығы еді. Осындай жиындардың бірінде Санкт-Петербургте «Серке» деген атпен қазақ баспасөз орталығын ашу үйғарылды. «Серке» деген ат жайлы Шахмардан Қошығұлов өз естелігінде: «Серке бір отар қойды боранды дұрыс жолға алып шығады,— деп жазды,— олай болса «Серке» газеті езілген қазақ халқына дұрыс жол көрсететін, оның ұлттық сана-сезімін оятатын жолбасшы болу керек».

1907 жылы наурыздың 28 күні Ш. Қошығұловтың қарашатына А. Ибрағимовтың басшылығымен «Серке» газетінің алғашқы саны татардың апталық «Ульфат» газетінің қосымшасы ретінде жарық көреді. Бұл газет қазақ жастарына арналған еді. Газеттің алғашқы номерінде М. Дулатовтың қазақ жастарына арналған өлеңі басылып шықты.

1931 жылы шыққан Совет энциклопедиясында: «М. Дулатовтың публицистикалық өлеңі басылған «Серке» газеті

қазақ баспасөзінің бастамасы» болды деп жазылған. Шындығында «Серке» газеті өзінің революциялық рухымен, бостандық сүйгіштігімен «Түркістан уалаятының газеті» (1870—1882) «Дала уалаятының газеті» (1888—1902) сияқты патша өкіметі шығаратын қазақтың басқа газеттерінен өзгеше еді. «Серке» газеті қазақтың демократиялық баспасөзінің бастамасы болды десек өste қателеспейміз.

Газеттің екінші нөмірінде М. Дулатовтың лақап атпен «Біздің мақсатымыз» деген мақаласы жарық көрді. Бұл мақала «Қазағым менің, елім менің!»— деген сөздермен басталады. Бұл мақаласында Міржақып 1905 жылы Қарқаралыдағы бас көтеру мен Оралдағы съезде қазақ халқының айтқан талаптарын жинақтап көрсетеді. Сол кездің өзінде патшаның зұлымдық саясатын өшкөрелеген мына сөздері тіпті жан тебірентеді: «Ең алдымен қазақ халқы — Россияға тәуелді халық... Оның ешқандай да правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті де керек емес нәрселерге жұмысалады. Чиновник, урядник, қарауылдар кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мұлкін тартып алды, ойына не келсе соны істеді... Бүкіл Россияны генералдарға бөліп берді. Соғыс жағдайын енгізіп, 87-статья бойынша әр жерлерде дала соттарын құрды. Бұл соттардың шешімдері бойынша жанымен-тәнімен туған халқына берілген азаматтар асылып, атылып кетті. Қазірдің өзінде мыңдаған ерлөріміз шалғай жерлерде жүр немесе түрмелерде отыр...»

Кейіннен бұл патша зұлымдығын өшкөрелейтін сөздер көптеген өлеңдерге айналып «Оян, қазақ!» жинағына кірді.

Алайда патшаның полиция сақшылары да қарап жатпады. 1905 жылғы революциялық толқулардан үрейленіп қалған олар қол астындағы бұқара халыққа қатаң бақылау жасап отырды. Ұзамай жандарм ішшілері Загородный 34 көшесіндегі Антокольск баспаханасына келіп, «Ульфат» және «Серке» газеттерін конфискелеп, жауып таставды. Осы іс жөнінде жасалған протоколда былай деп жазылған еді: «Серке» газетінің № 84 және «Ульфат» газетінде 6 июль күні (1907) жарияланған «Біздің мақсатымыз» мақаласында қылмыстық белгілер көрінеді». Полицияға түсken мәліметтер бойынша, бұл қазақ халқын барлық өкімет орындары мен оның өкілдеріне қарсы қуреске шақыратын «бүкіл қазақ халқына арналған үндеу сияқты». Ары қарай Петербург баспасөз істері комитеті «газеттің осы нөмірінен қатысты барлық адамдар жауапқа тартылсын» деген шешім қабылдады.

Полиция қанша іздегенімен мақаланың лақап атпен жүрген авторын таба алмады. Полицияның заңсыз әрекеттері ақын жаңына қатты батты. Енді ол Петербургтың ақ тұндеріндегі бірінен соң бірі жаңа өлеңдерін жазды. Бұл өлеңдері азаметтық руха толы, күреске шақыратын үндеудей. Екі жылдан соң бұл өлеңдері «Оян, қазақ!» жинағына кірді.

1912 жылды Петербургтегі баспасөз істері комитетінің кеңесшісі В. Д. Смирнов М. Дулатовтың конфискациялық кітаптарын қарап отырып, одан кезінде үлкен шу болған «Біздің мақсатымыз» деген мақалаға тән тәсіл мен үқсастықты ағарып қалады. Тез арада архивтен «Ульфат» газеті мен сның қосымшасы «Серке» алғынып, сот палатасының шешімі бойынша 1913 жылғы мамырдың 15-і күні ол жойылады. Осылаймен қазақтың бірінші революциялық газетінің тәғдіры сяқталды. Алайда «Серке» жаққан ұшқын сөнген жоқ. Ол көптеген қазақ интеллигентиясының өкілдерінің жүргегіне шоқ тастады. Солардың бірі Міржақып Дулатов еді. Сның осы газет бетінде жарияланған біраз дүниелері енген «Оян, қазақ!» атты кітабы Қазақстандағы ең бірінші революциялық кітап. Горькийдің «Ана» романының орыс революционерлері үшін маңызы қандай болса, «Оян, қазақ!» кітабының да қазақ халқы үшін маңызы сондай. М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» жинағында тұңғыш рет халықты күреске шақырған ұран тасталды: «...қазақтан болған социал-демократтарға бірауыз сөз айтамын: Европаның пролетариясы үшін қанды жастар тәгүіңіз пайдалы, бірақ өз халқының қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлум күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер...».

«Оян, қазақ!» жинағы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің манифесіндей зор роль атқарған кітап болғаны ақиқат. Оның Октябрь революциясына дейінгі кезеңдегі бағасы К. Кеменгеровтың пікірінде айқын да дәл берілген: «Оян, қазақ!» алғашқы шыққан Грибоедовтың «Горе от умасындай!» деді ол. «Оян, қазақты!» ел қазақтары құрандай жаттады. Міржақып атын алты алашқа таратқан осы «Оян, қазақ!».

Ақынның бұл алғашқы жинағы халықтың күреске үндеғен жоғары революциялық әуенге толы болды. Ол ұранға, үндеуге пара-пар өлеңдерімен қазақ халқының отарлық езгіге, қарандылыққа қарсы күрес отына шоқ тастады. Қөңілдерін оятып, көздерін ашты, өздерін-өздері танып, ескіліктен арылып, жақалыққа ұмтылуға шақырды. Кітаптың

озық идеясын «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Қазақ халқының бұрынғы мәғишаты», «Қазақ жерлері», «Таршылық халымыз жайында аз мінажат», «Жесір даула-ры хәқында», «Насихат ғұмумия», «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға» деген сияқты өлеңдері атының өзі-ақ айқынданап тұр.

Сол кезеңдегі әдебиеттің үлкен білгірі С. Садуақасов болса Міржақыпты қазақтың үлттық қозғалысының үлкен қайраткері ретінде бағалай отырып, оның публицистикалық мақалаларындағы ойды халыққа өлеңмен жеткізетін-дігін ерекше қасиет деп таныған.

Міржақып бұл жолға саналы түрде барып, олінің творчестволық ерекшелігін мақсатты түрде айқындағандығын оның «Труды общества изучения Киргизского (Казахского — М. Э.) края» (1922) деп аталатын жинақтың үшінші басылымына жариялаған А. Байтұрсынов творчествосына берген бағасынан көрінеді: «А. Байтұрсынов өз өлеңдерінде сүйіспеншілікті, әйел сұлулығын, табиғат әсемділігін жырламайды, онда сыршыл өлеңдер мен айшықты тіркестер жоқ. Ол қарапайым да ұғынықты тілмен еркіндікті, езілген қазақ халқын жырға қосады, оларды білімге, еңбексүйгіштікке, ғасырлар бойғы үйқыдан оянуға шақырып, әрбір қазақтың жүргегіне азаматтық рух сініреді», — деп жазды ол.

Дәл осы пікірді Міржақыптың өз творчествосына да қайыра айтуда болар еді.

«Оян қазақтың» алғашқы бетінен-ақ Міржақып қолтаңба-сының мақсаты айқын ашылады:

Аз емеспіз алты миллион халықпыш,
Әлhamдулилла надандыққа ғарықпыш.

дей отырып, ол бүкіл халықтың еркіндікке жетуінің басты шарты түн-түнек қараңғылық үйқысынан ояну, сілкіну, на-дандықтан арылу деп білген.

Елді жіккө бөліп өзара қырқыстырудың тамаша тәсілі болған ауылнайлық, болыстық сайлауды да сын нысанасына алады:

Қазағым, бұл ғадетті тасталық та.
Халықты тұра жолға басталық та.
Волост, билік, ауылнайлық, выборнойлық,
Қимайтұғын соншама падишаһлық па?

Ол газет-журнал, кітап шығару ісін мәдениет пен оқу-ағартуға үйрететін бірден-бір құрал деп біледі:

Газет-журнал оқысан,
Көзіңді қазақ ашасың.
Дүние халім білмесен,
Ілгері қалай басасың?

Міржақып творчествосы туралы украинаның атақты ғалымы, шығыстанушы А. Крымский толғана келіп: «...Ақын, беллетрист Міржақып — ауылдағы орыс мектебінің мұғалімі. Оның поэзиясы өз халқын оқу-ағартуға шақырған асқақ үн мен жігерге толы. Ол езілген халқына өзінің заңды правосын қайтаруды, жас үрпақты жарқын болашаққа жеткізуді армандайды», — деген ой түйген екен.

«Оян, қазақтың!» жарық көруі баспа ісі жөніндегі Бас басқарманы қатты абыржытты, ақыры оның бірінші басылымын да, екінші басылымын да. Міржақыптың өзін де тұтқынға алды. Патша цензурасы кітап бойындағы 1905 жылғы революция рухына тәзе алмаған еді. Кейіннен, 1917 жылды «Қазақ» газетінің 2 маусымдағы санында Дулатов былай дейді: «Оқушыларға мағлұм «Оян, қазақ!» өлең кітабымды ескі өкімет шам көріп, «қазақ оянып кетеді» деп қорқып, 1911 жылды мені сотқа берді, сол себепті жыл жарымнан артық абақтыда жатып шықтым. «Оян, қазақ!» халық арасына тарамасын деп, үкімет үкім салды». Ол жөнінде Лазарев атындағы Шығыс тілдері институтының профессоры В. Гордлевскийге 1914 жылды 6 кекекте жазған хатында да еске алады. Патша тыңшыларының жасырым мәліметтерінен де Міржақып жөнінде қызық деректер кездестіруге болады.

1911 жылды 13 шілдеде Уфа губерниясының басқармасының бастығы подполковник Ивановтың «құпия» деген бұрыштамамен Томск басқарма бастығына жолдаған хатында: «Басқарманың алған мәліметтеріне қарағанда ел арасына қылмысты үгіт тарату үшін Петропавловскіден шыққан, «Оян, қазақ!» атты кітапшаның авторы, Міржақып Дулатов осы жылдың 6 маусымда Семейде тұтқындалған көрінеді, ол негізінен үгіт-насихаты Өскемен, Зайсан уездерінде жүргізген.

Осы жөнінде хабарлай отырып мені Дулатовтың шынында да ұсталғаны жөнінде сендіруізді және ол жөнінде сіздерде бар мәліметтерді мағлұм етуінізді өтінен-мін» — деп жазады.

Жауп кешіктірілмеген, маусым айының жиырма алтында Томскден Уфаға ротмистр Знаменскийдің қолымен тағы да бір «құпия» пакет жөнелтіледі. Онда: «Жоғары мәртебелім, сізге өзінің мазмұнымен қазақтардың бүтінгі

хал-жағдайына қатысты орыс өкіметінің саясатына қарсы үн көтерген, панисламизм идеясын насиҳаттайтын «Оян, қазақ!» атты қазақ тіліндегі кітабын таратуға келген Міржакып Дулатовтың 6 маусымда Семей қаласындағы Омбы жандармерия басқармасы бастығының көмекшісі қолымен тұтқындалғандығын хабарлауды өзіме мәртебе деп білемін...».

Халық бақыты үшін күресіп жүрген азамат тағдыры елді толғантпай қойған жоқ. «Уақыт» газеті, «Айқап» журналы оның тұтқындалғаны жөнінде егжей-тегжейлі жазып тұрды, сол үшін бұл басылымдар Орынбор губернаторының жа-засына да ұшырады.

Жандармерия халық қолымен жиналған 2000 сом ақша-ны алған да жоқ, Міржакыпты босату жөніндегі ұсынысқа да келіспеді, оларға бүлікшінің темір торда отырғаны тиім-ді еді.

Міржакыптың өлеңдер жинағы халық толқыған шақта, әсіреле, I, II мемлекеттік Дума таратылғаннан соң тек қа-зактардың ғана емес татар, башқұрт, өзбек, қырғыз хал-қының да қолынан түспейтін кітапқа айналды.

Россия, Орта Азия мен Қазақстанның үлкен қалаларын-дағы бұл кітаптың сирек даналарын тауып, құртуға жандар-мерия бар күшін салды.

Дулатовтың абақтыда жатқанына қарамастан, Қазанның баспасөз жөніндегі Уақытша комитеті «Оян, қазақ!» кіта-бының екінші басылымы үшін оны тағы да айыптаپ, 7 қара-шада Саратовтың сот палатасының прокурорынан осы не-гіздегі қаулыны бекітуді сұрайды. 18 қарашада Саратовтың сот палатасы Міржакып кітабының екінші басылымын «тұт-қындау» жөніндегі қаулыны бекітіп, барлық іс қағаздарын Сенаттағы қылмысты істер жөніндегі кассациялық Департа-менттің обер-прокурорына жөнелтеді...

Сенаттан ақырғы шешім келгенге дейін Қазан комитеті-нің қарауына «Оян, қазақ!» пен оның авторын жазғырған жаңа іс Петербордан В. Д. Смирновтан келіп түседі. Баспа-сөз жөніндегі Қазан Уақытша комитетінің мүшесі Н. Қата-новтың «тұтқындау» жөніндегі бірнеше өтінішіне қара-мастан, Дулатовты екінші қайтара сottап, кітаптың жаңа басылымын қаттап, жою жөнінде шешім қабылданады.

«Оян, қазақ!» халық үшін қаншалықты қымбат болған-дығын 1917 жылғы «Қазақ» газетіндегі хабар дәл айқында-ды. Патша үкіметінің осыншама қаһарлық құғындауына қа-рамастан, 1916 жылғы маусым жарлығынан кейінгі аласа-пыран мен күйзеліске қарамастан бұл кітапты ел азаматтары көзінің қарашығындау сақтаған. «Қазақ» газеті фельдшер

Жұмағали Тлеулиннің, үйінен «Оян, қазақтың» I мың данасының табылғаны жөнінде хабарлаған.

1916 жылғы жазалаудан қашып, босып, жоқтық пен аштықтан жапа шеккен халқына Міржақып жанын сала көмектеседі. Қызылжар қаласында босқындарға көмектесу үшін бірінші рет қазақ тарихында жәрдем қорын үйымдастырады. «Бұл бейшара бауырларымызды ескеру, өлімнен, қырғыннан құтқару — алаш азаматының адамшылық борышы»— деп жаза отырып, ол іске өзі бас болды. «Сондықтан сақтаулы мың дана «Оян, қазақ!» ақшасын әлгі босқында жүрген жетім-жесірлердің пайдасына бағыштадым»,— деп жазуы соның дәлелі.

Революция жалынынан қуат алған Міржақып шығармаларының отты жолдары жас үрпақ жүргегіне революция отын жағып, течсіздік пен правосыздыққа қары күреске жігерлендірді. Азаматтық әуенге толы Міржақытың публицистикалық өлеңдері қазақ жастарын революциялық рухта тәрбиелеудің шын мәніндегі мектебі болды. С. Сейфуллин, Ж. Аймугайтов М. Жұмабаев, Б. Майлін, С. Құдаш, т. б. сияқты жаңа толқын осы идея нәрінен сусындалған. Бүкіл халық, өз замандастары мен тұтастары тәндессіз қайраткер, абзал азамат, айтұлы ақын деп бағалаған Міржақып есімі бүгінде тарих талайынан қайта аршылып алынды. Сейтіп әділет салтанат құрды.

1914 жылды орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ойын айқын білдірген академик В. Н. Гордлевский айтқандай, «Дала перзенті»— М. Дулатов қазақ халқының бостандығын армандалап, өз халқына «Оян, қазақ!» деп қуатты ұран тастаған. Жаңа өмір құрылышсызы — оқу-ағартусызы қазақ халқының болашағы жоқ деп ұғынады. Отырықшылық өмірге кешу, әйелдер жағдайын өзгерту — оның музасының алтын арқауы, ол — азамат ақын».

МАРАТ ЭБСЕМЕТОВ,

М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының
ғылыми қызметкері.

СӨЗ БАСЫ

Дүниеге қатынасып жүрген оқыған заттарымыз болмаса біздің ғұмуми¹ қазақ халқы файдалы мәселелерден бихабар еді. Себебі: дария қасында тамшы секілді, оқығандарымыз аздықтан, халқымыз шеһәр² ретінше өмес, көшпелі һәр жерде бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың өдеби тілменен жазылған газеттері оқу оқымаған халықта түсініксіздігінен, дүниеде болып жатқан ғәжәйіп³ үә⁴ ғәрәйіптен⁵ файдалана алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкбірінде үйықтап, ұмыт қалған секілді болып түр, чүнки⁶: заманымыз күн сайын түрленіп келеді, мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі хәлімізді салыстырсаңыз да аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай ғафилдышта⁷ жата берсек, енді аз заманда нешік болашақпаз?

Қой, бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, һүнерге аллатадала қасында һұммәтіміз⁸ саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, нағандардың көзін қойып, көнілін ашып мұнымен ахиреттік⁹ пайдамызды табалық. Екінші, дүниемізде қажетті хақыларымызды¹⁰ алып, жерімізді, малы-

¹ ғұмуми — жалпы

² шеһәр — қала

³ ғәжәйіп — таңырқарлық

⁴ үә — және

⁵ ғәрәйіп — керемет, таңсық

⁶ чүнки — өйткені

⁷ ғафил — білмеу, білімсіз

⁸ һұммәт — ынта, талап

⁹ ахирет — о дүние

¹⁰ хақыларымыз — праволарымыз

мызды сақтау үшін, басқалардан хорлық көрмес үшін, орысша оқып һұнерлі болалық. Орысша білмегендіктің зарарын¹ білу фарыз² дәрежесінде қажет екендігін міне мұнан байқаңыз: Россия мемлекетінде жүз қырық миллионнан артығырақ халық бар, һәммәсі³ жүз тоғыз тілмен сейлейді, соның ішінде үстін⁴ тіл орыс тілі, құллі⁵ хүкімет мемелеріндегі жұмыстар орыс тілінде болады, закондар һәм солайша.

Һәр кім өз қолында барына жомарт болғаны секілді, мен де өз мағлұматымша бишара халқымызға файда келтірмек әмлілілә⁶ үшбу рисаланы жаздым.

Міржақып Дулатов, 1909.

¹ зарар — зиян, залал

² фарыз — міндет

³ һәммә — бәрі

⁴ үстін — үстем

⁵ құллі — барлық

⁶ әмлілілә — тілегімен

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНГЫ НӘМ БҮГІНГІ ХАЛІ

—
15
—
т/с
—
1

Міржақып, неге отырсың қалам тартпай,
Бейге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шаманды көдәри хал¹ көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.

Не файда бір орыннан қозғалмайтын,
Тазармас қарасу да жатқан ақпай.
Артықтан тағым алып, кемге үйретпей,
Жүргің лайық па ғақыл таппай.

Сен неге бой көрсетлей жасқанаңсың?
Тастаса көзің көрсін халық ұнатпай.
Бұл шақта сөз базары көтеріңкі,
Сынасай бақытыңды сен де баптай.


Бірде алып, бірде қалып жүрмес пе едің,
Сөзіңді біреу сөгіп, біреу мақтай.
Бой тежеп жүрексіну дұрыс емес,
Шашылған рыйзықты жүріп татпай.

Һиммәт тау кеседі деп мысалда бар
Жігітке һүнер қайда зейін артпай.
Талапты жаңа өспірім бағландар
Жүргуге лайықты ғой атын ақтай.

Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен файда беріп халыққа жақпай.
Бесен бол өсем болсаң деген жөнмен,
Һүнерін мұхтаждарға² жүрсе сатпай.

¹ көдәри хел — өлің жеткенше

² мұхтаж — ділгер



Жан-фида¹, малың тәрік² болсын, жігіт,
Дін, милләт³ деген сөзді түр жәһидлай⁴
Мен кепіл сонда жаман болмасыңа,
Тұрмасам қолыңды өкел айтқан шартта-ай.

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай түр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша түру мүмкін жанға батпай.

* * *

Бір кеңес түсті хиял⁵ бастырыма,
Дәфтер хат ғибрат⁶ үшін тастарыма.
Хусса арнап жаздым халық үшін,
Жиырманшы ғасырдың жастарына.

Аз жасап өмірімде көрдім көп іс,
Ретін шамаладым халықтың тегіс.

Қаралас һәр қайсысы көрінеді,
Бірі артық, біреуі кем дейтін емес.

Қазақтың қай нәсілден тарағанын,
Білерсің шежіреден қарағаның.

Бұл жерге соның үшін тоқтамаймын,
Жазайын басқа сөздің жарағанын.

Адамзат неше түрлі жиһан⁷ толған,
Һәр дінде, һәр мәзһепте⁸ және болған.

Соның көбі шәһәрден орын алып,
Сахрада⁹ біздің қазақ көшіп қонған.

¹ фида — құрбан

² тәрік — безу

³ милләт — ұлт

⁴ жәһид — ынта

⁵ хиял — арман

⁶ ғибрат — өнеге

⁷ жиһан — әлем, дүниене жүзі

⁸ мәзһеп — дін тармағы

⁹ сахра — байтақ дала

Ол заман үш жұз бірге араласқан,
Бағынып еш падишаһқа қарамастан

Хан шығып өз ішінен халықты билеп,
Билері хүкім¹ айтып өрнек шашқан.

Көшсе де мың шақырым жері жайлы
Аққан бұлақ, шалғыны көк орайлы.

Тоқты қоздап жүріпті, тай құлышнап,
Жер тар болып көрмеді-ау уайымды.

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дүшпандары және болған.

Құштің нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған бәле болған.

Ел шауып, кісі өлтірсе батыр деген,
Батырлар фәқирлердің² хақын жеген.

Біз мұндай бұл үақытта болар ма едік,
Істесе халық файдасын ғақылменен.

Кетіпті фітнәнің³ жолы ашылып,
Бірінен дұшмандығын бірі асырып.

Айрылып берекеден қарап жүріп,
Тұрыпты басқаларға құр бас ұрып.

Кетіпті араздасып бір туысқан,
Барымта ұрлық қылып мал қуысқан.

Сыя алмай кең дүниеге таласушы ед,
Таршылық енді көріп сыйылысқан.

Мазасы кеткен бірдей іштен, сырттан,
Аз ата көрген хорлық күшті жүрттан.

Екі сұңқар таласса құзғынға жем,
Берекесін бұл қазақ сүйтіп құртқан.

¹ хүкім — шешім, үкім

² фәқир — кедей.

³ фітнә — сұмдық, құлық

Сол күнде жауға қарсы қорған құрса,
Құтылып надандықтан ғылым тапса.

Файратын бойындағы шетке жұмсап,
Келтірмей жәбіршілік қарындасқа.

Өзді өзі тату болып тұрған күнде,
Қалар ма еді һәр нәрседен мұндай босқа.

Мініки, бұл уақытта тұрмыз енді,
Дұшманға таба болып, құлкі досқа.

Жұрмеген кең жайылып ол халінде,
Үнемі тұру қайда хан тағында.

Руссия мемлекетіне бағыныпты,
Әбілхайыр тәренің хан шағында.

Падша айтқан: «Ғаділдікпен билеймін»— деп,
«Дініңе һәм жеріңе тимеймін»— деп,

«Оқ атпай қылыш тартпай, бағынған соң,
Қалайша қадіріңді білмеймін»— деп.

Алмасқа уәғдә¹ еткен бізден солдат,
Орнына тұндік басы салған рамат².

«Қазақ та Руссияның бір ұғылы³,
Бар болса беремін»— деп нендей хәжет⁴.

Қазақты ең әуелі билеген хан,
Правитель, десятичный, аға сұлтан.

Қалдырып осылардың һәммесін де,
Шығып тұр біздің тұста бүгінгі заң.

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,
Шен алып дәрежеге жеткендей бол.

Ойлады өз файдасын халықты сатып,
Қазақты ең керексіз еткендей бол.

¹ уәғдә — уәде

² рамат — салық

³ ұғылы — ұлы, перзенті

⁴ хәжет — керек

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
Арты жар, алды түйің — бұл не ғажап.

Адасқан ағайынға басшы болып,
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ.

Бас қосып киргизский интеллигент,
Біздерге халықтың қамын ойлау міндеп.

Культура деген сөзді на практике,
Етпейміз не себепті осуществлять?

Милләтлар цивилизованный озып кетті
Оянбай енді жату не следует.

Ұйқысы ғафилдіктің басып кетті
Қазақты ояталиқ етіп һұммәт.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ МӘГИШАТЫ¹

Қазақтың қандай еді мәгишаты,
Бір күнде көшіп қонған рахаты.

Қайғы жоқ, хасірет жоқ, қыз-бозбала,
Түзеген басекемен салтанаты.

Кетуші еді көшбасшылар ілгері озып,
Жарасып өз форымынша саясаты.

Жарысып жас балалар жүруші еді,
Жаратқан үкі тағып жүйрік аты.

Жайлайға шыға айғыр сұытушы еді,
Үістықтың қалмайды деп заараты².

¹ мәгишат — тіршілік, тұрмыс

² заарат, зарар — зия:

Тізіліп көл жағалай қонушы еді,
Жарасып ақ үйлердің қияфаты¹.

Көкорай шалғындарға бие байлап,
Байлықтың көрінуші еді ғаламаты².

Жан-жануар рахатпен бір жасаушы еді,
Кіргендей бөлмесіне жер жәннаты.

Ішкен мас, жеген тоқ боп жүруші еді,
Түзеліп бозбаланың саяхаты³.

Бұлдірген шие тере кетуші еді,
Қызы-келіншек мырзалардың жамағаты.

Кеңейіп жұрттың фиғылы⁴ ол уақытта
Нашарға тиоші еді шарафаты⁵.

Ұл туып, келін түссе, қыз ұзатып,
Той болып ат шабушы ед бір ғәдәті⁶.

Бек ғажап марқұмдарға ас беруші ед,
Фаш⁷ болса халық ішінде инабаты⁸.

Бауыздатып бағланды, құлышын сойып,
Ішсе қымыз келүші еді сөздің шарты.

Қанікей, осы айтқанның бірі бар ма,
Айтылса сөздің кәміл хақиқаты⁹.

Бұл күнде бұларды ойлап қайғы да жүр,
Бар болған данышпандар фарасаты¹⁰.

Оқыған пайда берер жастарымыз,
Һәр істен болса мәгәр мәғлұматы.

¹ қияфат — көрінісі

² ғаламат — белгі

³ саяхат — серуен, сапар

⁴ фиғыл — нынет, ындын

⁵ шарафат — игілік

⁶ ғәдәті — әдет

⁷ фаш — белгілі болу

⁸ инабат — сенім

⁹ хақиқат — рас, шындық

¹⁰ фарасат — көреген, сұңғыла

* * *

Үйрөнгөн халықпаз ғой кемшілікке,
Талпынып ұмтылмайтын кеңшілікке.

Осындай білінген соң мінезіміз
Кім де кім біздің жүрттү елсініп пе?

Руссияда жиырма миллион бар мұсылман
Жері жоқ осылардың бір қосылған.

Мәселен біздің қазақ бұл уақытта
Тысқары рухани идарадан.

Бола алмай тілек қабыл хафалықта¹.
Көруде жәбіршілік жүрміз һаман.

Қазағым көрмегенің өлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.

Босында аяқ қолың қимылдап қал
Бір күнде тыптырауға келмес шамаң.

ҺҮНЕРМЕНЕҢ ХАСЫЛ² БОЛҒАН НӘРСЕЛЕР

Һүнердің афзалдығын³ еттім зікір⁴,
Мұхтарем⁵ оқушылар, жібер пікір.
Фылыммен хасыл болған нәрселерді
Жазайын баян етіп, тыңдал отыр.

Ат жетпес алты айшылық алыс жолға,
Аз күнде жеткізеді бұл от арба.
Естілмес хабарларды жер шетінен
Аламыз телеграммен яғажибә⁶.

Жүргізді автомобиль ат жекпестен,
Өмірі қолда болып теріс кетпестен.
Һүнермен от пен суды көлік қылыш
Алыстан телефонмен жүрт гапләскен⁷.

¹ ҳафа — үайым, қайғы

² хасыл — иемдену, дарыту

³ афзал — артықшылық

⁴ зікір — атап өту, есke алу

⁵ мұхтарем — хұрметті

⁶ яғажибә — таң-тамаша

⁷ гапләскен — сөйлескен

Дариямен қара жердей файдаланды,
Бұрынғы қыыншылық жайға қалды.
Балықтай мұхиттарда жүзіп жүріп,
Ғамал ғып пароходпен қайда барды.

Дәхидә¹ хәйламенен аспанға үшты,
Кезінде хажет болса жерге түсті.
Есімін воздушный шар деп қойды,
Халық бұрын көріп пе еді мұндай істі.

Телеграф және шықты сым темірсіз,
Иланып болған іске жүрт сенерсіз.
Үстіңен жүргенменен көз көрмейді,
Әлбетте² қалайынша сіз білерсіз.

Машина жер астынан жүрді тағы
Ғажайып мұнысы да хиялдағы.
Не нәрсе өздігінен жарапмайды,
Һүнермен мұны тапқан пенdedағы.

Берденке, бомба, мина, зенбіректер,
Пистолет, револьвер, браунингтер.
Һәммәсі бұл уақытта болды тамам,
Қылатын жауға қару не керектер.

Машина электрический және келді,
Жарық боп май мен отсыз жана берді.
Түн болса шәһар іші құндізгідей,
Әлбетте, бұл әсері ғажап енді.

Сөз сөйлеп грамофон әнге салар,
Ғажайып мұнысы да хиялдағы.
Бұл сөзге көрмеген жан наңбас еді,
Не керек, халықтың көбі көрген шығар.

Телескоп дейтін нәрсе болды тағы
Нәрсені көрсетеді алыстағы.
Түймені түйедей ғып зорайтады,
Баяғы мұны тапқан һүнердағы.

Руссияның завод пен көп фабрикасы,
Табылған соныменен халық файдасы.

¹ дәхидә — тәғы да

² әлбетте — өрине.

Қымбатты арзан қылған сол екеуі,
Нашарға женіл келіп пұл бағасы.

Машина және шықты шөп шабатын,
Аз күнде жан қинамай көп шабатын.
Соқа бар егін салған һәм машина,
Секілді көп пайданы тең табатын.

Баспахана шықты кітап басатұғын,
Халықта һүнер, магариф¹ шашатұғын.
Арқылы газет журнал һәр тарафтан,
Хабармен халықтың көзін ашатұғын.

Һүнермен мәзкүрлерді адам тапқан,
Жалғыз-ақ біздің қазақ қарап жатқан.
Неш бірін осы айтқанның істей алмай,
Қатардан кейін қалдық надандықтан.

Біздағы ғылым білсек етпес пе едік,
Ілгері озғандарға жетпес пе едік.
Дін, дүниеміз таршылықтан азат болып,
Нүнерлі халық атанып кетпес пе едік.

САЙЛАУЛАР ХАҚЫНДА

Шыққалы волост сайлау қырық жыл өтті,
Сол сайлау, байқасаңыз, түпке жетті.

Бай болып, мырза атанып, мал біткендер
Таласып волостыққа ақша төкті.

Еліріп біреу шықты би болам деп,
Кейбірі би түсетін үй болам деп.

Желікпей үшіншілер неге тұрсын:
«Қалайша аналардан мен қалам» деп.

Елітер момындарды «сен де аттан» деп
«Малыңның арқасында бір шаттан» деп.

Қарашы, бұл қырсыққа не қыларсың,
Бишара әуреленер құр жатқан тек.

¹ Магариф — білім



**Фәленше ауылнайлыққа ылайық деп
Ыңтымақ не қылса да қылайық деп.**

**Бір сорды бәйге атындей алып келер
Һәммәміз сертте мәхкәм¹ тұрайық деп,**

**«Бір атадан қалдым» деп шығар біреу:
«Сіздерменен бірге,— деп,— біздің тілеу».**

**Жолын алса, мәз болып ол кетеді,
Бермесе, қамыққандай көңілі жүдеу.**

**Сайлау басы төреге мың, мың ақша
«Жанында орыс жоқ па екен онан басқа?»**

**Стражник пен писирлер сүйінші алады
Бермей тағы болмайды һем тілмашқа.**

**Волост болар мал шашып шығынданып,
Сайлау өтер осылай тынымданып.**

**Әбден болып алған соң расходын,
Бітіреді халықтан жылын да алып.**

**Кедей сорлы шолағын арықтатар,
Тұқ пайда жоқ, үйіне барып жатар.**

**«Фәленшемен табақтас болдым мен» деп,
Хатынына мақтанып осыны айттар.**

**Мұнымен мал шашылып ар кетеді,
Күшті өлсіреп, нашардан хәл кетеді.**

**Өтірікті расқа шығарам деп
Жалған іске ант беріп жан кетеді.**

**Нахақтан біріне-бірі бәле салып,
Білмесе ұрлық, білсе егер барымта алып.**

**Тәбелес жанжал, керіс өңгімеге
Құмар-ақ болып кетті біздің халық.**

¹ мәхкәм — берік, бекем

Тұрады төрелері кекірейіп,
Переводчик онан жаман шекірейіп.

Көп зарар біздің қазақ көрседағы
Демейді, мұндай істен бекінейік.

Мал шашып әлкеніп таласады,
«Мен көп, сен азсың» деп санасады.

Ес кетіп өліп талып волост болып,
Сонан соң халқыменен жарасады.

Үйіне ат тонымен барып түсіп,
Ризалық айтысар тағам жесіп.

Мысалы тоқылдақтың төубесіндей
Кетеді бір жылдан соң ұмытысып.

Құл кетті хан орнына таққа мініп,
Жұрт кетті жамандықты жатқа біліп.

Хәкимдер¹ харамидан² болғаннан соң,
Ұры-қары кетпей қайтсін атқа мініп.

Я пірім-ау, дәл осы істен не файда бар?
Кебейер күн-күн сайын фітнәлар.

Көз көрді бір парасын құлақ естіп,
Кісі өліп, сottы болып бірі айдалар.

Ағадан іні айрылды, атадан ұл,
Ағайын арзандады қымбаттап пұл.

Сатылды ғазиз ұждан³ аз ақшага
Фәләмәті надандықтың емес пе бұл?

Өзіне өзі халық жаны ашымай,
Мал шашар боламын деп волостной.

Жұмсаса қандай жақсы болар еді,
На пользу образования народной.

¹ хәким — әкім, білгіш

² харам — арам

³ ұждан — ар, намыс

Беруден көздей жерге көлдей ақша
Құмары келе жатыр бір басылмай.

Кісідей арақ ішкен өуреленіп,
Я пірім-ау, кеткені ме халық осылай?

Қазағым, бұл ғадетті тасталық та,
Халықты тұра жолға басталық та.

Волост, билік, ауылнайлық, выборныйлық
Қимайтұғын соншама падишаһлық па?

ҚАЗАҚ ЖЕРЛЕРИ

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында¹,
Біз кірдік Рүссияның фанасына.

Һүнерсіз бостығымыз көрінген сон,
Қызықбас кім қазақтың баласына?

Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз
Қазналық, деді, жердің һеммәсін да.

Тарылып жылдан жылға жер суымыз
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.

Қадірдан халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске фәһім² назар саласың ба?

Темірді қызыуында соқпай қалып
Нәсіліңің көз жасына қаласың ба?

Кір жуып кіндік кескен хайран жерлер,
Мұжыққа, хош аман бол, барасың да.

Қасиетті бабамыздың зияраты,
Қалдың ғой көшесінің арасында.

Моншаға зияраттың тасын алып,
Ағашын отқа мужық жағасың да.

² фәһім — ақыл, сана

¹ сәна — жыл

Таба алмай бір барғанда еш белгісін,
Көзден жас көлдей болып ағасың да.

Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс
Орман тоғай кетті ғой ағасың да.

Ойласам мұның бәрін хияли боп
Хафадан ішім оттай жанаңсың да.

Әуелде жерімізбен кіріп едік,
Тұрмақта ғаділдіктің саясында.

Айрылсаң қалған жерден осы күнгі
Топыраққа малды қазақ бағасың да.

Адасты ғақылынан қара халық
Білгіштер өзің хайлө табасың да.

Қазағым, жерің қайда ата мекен,
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен.

Хазірде бәріңізді қуып шығып,
Орныңа қала салып хахол жеткен.

Шығарған жер өлшеуге землемерлер
Қала үшін кеткен бізден жақсы жерлер.

Төтті шөп, тұщы судың бәрі сонда,
Табатын бұған хәйлө қайда ерлер?

Зенгір тау, аққан бұлақ, шалқар көлдер,
Кетті ғой бетегелі биік белдер.

Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,
Қалды ғой жатақ болып хайран елдер.

Аәші су бізге қалды шөл далалар
Жақсы жер қалдырмады егін салар.

Қалайша тау мен тасқа баға алады
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.

Мінікей келді мужық көшкен бұлттай,
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.

Көрдің ғой бүл уақытта тарылғанын,
Алынбас илтифатқа¹ жалынғаның.

Онбестен кісі басы десятина
Жер берсе сонда қазақ нешік хөлің?

МӘСЖІД²-МЕДРЕСЕ ХАҚЫНДА

Қазақ жүр мұсылмандық жаласында,
Сайрандап сахараның даласында.

Файда деп күндіз түні дамылы жоқ
Фибадат³ қылмай хаққа шамасында.

Дегенмен «мен мұсылман» іс бітпейді,
Бүл күнде жүрттың көбі дін күтпейді.

Қазақша киім киіп сөйлегенмен
Мойныңнан фарыз уәжіп⁴ бір түспейді.

Ортаға жарап еді мешіт салсаң,
Намазды қаза қылмай барып тұrsaң.

Бір ғалым фазыл⁵ заттан имам сайлап,
Байларың жәрдем беріп уақыиф⁶ қылсаң.

Дау десе ұмтылатын сорлы қазақ,
Дін десе шалқаятын болды қазақ.

«Мынауың өтірік» деп бетке түкір
Жоқ болса бүл сөзімнің орны, қазақ.

Қазақтың көп жерінде мешіті жоқ,
Жоғына себеп болған миссионер поп.

Екінші, халықтың өзі ықылассыз.
Не ғылып исламға ашылсын ход?

¹ илтифат — құлақасу, көңіл аудару

² мәсжід — мешіт.

³ ғибадат — дін жоралғыларын өтеу

⁴ фарыз уәжіп — міндеп, борыш (діни)

⁵ фазыл — мейір

⁶ уақыиф — діни мекемеге тарту

Бір адам хуфияттан¹ ашса мектеп
Хакімге көрсетеді біреу қастап.

Көбінің ниет-фиғлы жаман еді,
Әйтеуір келе жатыр құдай сақтап.

Күн болды енді көзің ашарыңа
Байларың жәрдем беріп нашарыңа.

Жасың да жиһан кезіп ғылым іздеп
Надандық қармағынан қашарыңа.

Оңбассың бойда жүрсе бұл мінезің,
Теріс пе насхатым бұл біл өзің.

«Әйтеуір ата-бабам мұсылман» деп
Дүрмекті қоятұғын келді кезің.

* * *

Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта,
Салады сәбілерді тек азапқа.
Молдекем шарт жүгініп қаһар етіп,
Босатар күн батқанда әрең шаққа.

Бір бала езу тартып күлөр болса,
Қытайша дүре салар сол сағатта.
Үш тәрт жыл оқып шыққан болса мәгәр,
Сонда да ұстармайды жазар хатқа.

Білмейді уазифасын² кейбір молла
«Еліріп тақсыр» деген құр атақта.
Кім өледі, кім қояды — тілегі сол
Көбінің байқасаңыз бұл уақытта.

Тәқдим³, тәфхин⁴, тәхрисдә⁵ жұмысы жок,
Күштейді өліф — би мен әбжадқа⁶.

¹ хуфияттан — рұхсатсыз, жасырын.

² уазифа — міндет, борыш

³ тәқдим — ұсыну, арнау

⁴ тәфхин — өз-ара түсінісу

⁵ тәхрис — ойша табысу

⁶ өліф — би әбжед — әріп атаулары, ескіше

Халыққа қайтіп үлгі шаша алсын,
Мінезі хилаф¹ болса шарифатқа?

Сыйыныфтап² жылға бөлген нәмунә³ жок,
Һүнерлі болсын қайдан біздің халық.
Бұйтқан барлық ғәйіп⁴ моллаларда
Хәлі емес істеушіде хақиқатта.

«Жылына пәлен сомға жалдадым» деп,
Күні-түн балаларын оқытмақта.
Отырса молла сордың қолы босап;
Бір іске ептең қана жұмысамақта.

Ғылымды ғалыммененен хұрметтемей,
Әлбетте, мұның бәрі надандық та.
Орыны бала оқытқан таза емес,
Дәріс тыңдар қотыр бұзау, ешкі, лақ та.

Келер ме өздігінен бізді ізденеп,
Қол созып ұмтылмаймыз мағрифатқа⁵.
Һүнерлі халықтардан өрнек алып,
Кел енді, бұл ғадетті тасталық та!

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ДІНИ БІР ҰАҒЫЗ⁶

Қазаққа дін хақында осы керек,
Мұбәда⁷ бұл секілді болса өрнек.
Духовный собраниеге біз қарасақ,
Дініміз қуат табар һәм бегірек.

Әр волоста бір указной болсын молла,
Кандидат һәм мүәзін тұрсын және.
Сайланып үшбу затлар халық тараپынан,
Емтиханды муфти алсын пәруа⁸.

¹ хилаф — қығаш, теріс

² сыйыныф — класс

³ нәмунә — үлгі, өнеге

⁴ ғәйіп — айып

⁵ мағрифат — оқу-білім, ғарарту

⁶ ұағыз — үгіт

⁷ мұбәда — алда-жалда бола қылса

⁸ пәруа — қамқорлық, тауқымет

Русша білмек бұларға шарт болмаса,
Іс етсе шаригаттың фәрмәнінше¹.
Никах, талақ, мирас, жаназа оқып
Указной балаға есім қойса.

Мәгәрдә уақыты бола алмаса
Указной бір молланы үекил қылса.
Ләкин² никах, талақ, мирас ісін,
Лайық өзі бітіру дауы болса.

Указной молланың хилаф ісін,
Әлбетте, оязной ахун тексерсін.
Ахундтан оязной болса хата,
Областной ахунд тексеріп мұны көрсін.

Областной ахундпен іс бітпесе,
Духовный собраниеге барып кірсін.
Ең шеті ғаділдіктің осы болып,
Һеммә ісі мұсылманның сонда тынсын.

Бір мешіт болсын нешік өр болыста,
Жамағат, расходын өзің ұста.
Және болсын медресе бала оқытуға,
Берсін бұған расходын земство.

Медресеге сайласын екі молла,
Бірі оқытсын мұсылманша, бірі орысша.
Педагогия тәртібімен оқытсалар,
Қазағым, кетер едің сонда алға.

Айтылмыш екі учитель уазифасын
Һәр дайым земство беріп тұрсын.
Указной һәм кандидат һәм мүәзин
Екі учитель бес жылда бір сайлансын.

Кім де кім уақыф³ қылмақ болса мәгәр
Мәсжід пен мәдресеге деп файдасын.
Лазим⁴ мұндайларға рұхсат ету,
Указной молла алсын һәм метрикасын.

¹ фәрмән — әмір, бұйрық

³ ләкин — бірақ

² уақыф — хайыр, сыйлық

⁴ лазим — көрек, ҳажет



Бір адам, я бір қауым етсе жәһәд
Шығарып мешіт, медресеге пүл қаражат.
Тыймасын бұрынғыдай «болмайды» деп
Хүкімет бұларға да берсін рұқсат.

Нәмнәсі осы тілек келсе орынға
Қанун¹ бол бекітілсе бір формға.
Риза қазақ халқы болар еді,
Хүкімі шаригаттың тұрса қолда.

Жазылып тәуарихта қалсын аты
Бұл істің жүрген болса кім жолында.
Дін үшін һәм халық үшін бейнет көрген
Хор болмас жүрседағы қай орында.

Болғандай халықтың өзі бейне қас-ты,
Қылып жүр шаригатты аяқ асты.
Мәселен біреу сүйіп шаригатты,
Зарарына хүкім² етсе қайта қашты.

Заманға қарай моллалар наданырақ,
Кебі қара қазақтан жаманырақ.
Білер білмес оқумен молла болып
Орынсыз сөзге ұмтылып кебі ұрыншақ.

«Білмеймін» деп, сірә, бір мойнына алмас
Хәлін білмес кейбірі бишарарақ.
«Шала молда дін бұзар» деген мысал,
Тек мұнан тәңірі өзі сақтағай-ақ.

ҺҮНЕРИН ХАЛЫҚ ФАЙДАСЫНА ЖУМСАП ЖҮРГЕН ОҚЫҒАНДАРЫМЫЗҒА

Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қыйып халық үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа
Бәйгеде ұлы дүбір жарысқаның.

Шешен тіл, фарасаттың саясында,
Ететін талмай қызмет данышпаным.
Атқан оқ, сермеген қол хата кетпей,
Түспейді табаныңа бар дұшманың.

¹ қанун — заң

² хүкім — шешім

Не қылса дөртке шифа¹ табылад деп,
Европа саяхармен танысқаның.
Бір іске ғақылдаспақ болсаңыздар,
Үегдаға хилаф қылмай табысқаның.

Әуелі алла, екінші білер халқың
Риясыз көnlіціздің халыстарын.
Азуы алты қарыс айдаһармен
Кезекті сөз жібермей салысқаның.

Кезінде ғазиз жанды еттің фида,
Халқыңың жібермеске намыстарын.
Көздеген мәсәлләкке тез ерішіп²
Хайырлы болғай еді шабыстарың.

Бір залым хиянатпен³ тоқтатпаса,
Қатардан өздігіңен қалыспадың.
Фасықтар бой көрсетпей үйде жатыр
Һүнерге құлаш сермей алыстадың.

Қамалға қарсы шапқан қаһарманым
Жәhеләт⁴ микробларын таусыс бәрін.
Иншалла, халыққа берер үлкен тәһcір⁵,
Жерлерде екі талай дауыстарың.

Өлсөң шаһид, ғазысың тірі болсан,
Қызметке берер ажар құдірет көрім.
Қазақты төрге сүйреп бір жеткізші,
Дін, дүние жемісі бол табыстарың.

TERME

Ғақлы көміл жігіттер,
Заманың көз сал халына.
Халқыңың ойла файдасын,
Өзің үшін нальма.

¹ шифа — дәрі, ем

² ерішу — жету

³ хиянат — жауыздық, сатқындық

⁴ жәhеләт — надандық

⁵ тәһcір — өсер

Нашарларды жылатып,
Байлардың сатпа малына.
Көз жасына қаларсың,
Қарамасаң зарына.

Баса айтпасам болмайды,
Жүк тартатын нарыма.
Қайратың болса, ал көрсөт,
Келді ыңғайлы жағыңа.

Бәйгеге қостым тұлпар деп,
Ұқсан жүрме жабыға.
Алдымен келсең майданда,
Талас жоқ сенің бағыңа.

Көре алмаған дүспандар,
Ілесе алмас шаңыңа.
Басыңды тік бәйгеге,
Бір халқыңың ғамына.

Алаш деп ұран естілсе,
Кім бұрылмас қанына.
Фанімлар деп айтамын,
Фарасатың барына.

Бұл уақытта кез келдік,
Заманның мұндай тарына.
Асықбасаң көрерсің,
Мұны азсынсаң тағы да.

Хияннан бой тартып,
Шыңғаділет жағына.
Мұны істесең шығарсың,
Абройдың тағына.

ТАРШЫЛЫҚ ХӘЛІМІЗ ХАҚЫНДА АЗ МҮНӘЖАТ¹

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас² заң кетіп.
Хүкім шарифаттың емес қолда,
Ғаділдікпен халық билеген хан кетіп.

¹ мүнәжат — жалбарыну, дүғасы.

² мирас — мұра



Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып жан кетіп.
Шаһbazлар басшы болған милләтке
Аяғына қан түсті ғой мән кетіп.

Кім жазалы өзімізден көрмесек,
Тәбемізге шығардық қой дәндептіп.
Сүлік болып қазақ қанын шаққан соң,
Аузызына салмай қайтсін аңдатып.

Әлі де болса ояналық аллалап,
Жалыналық жаратқан хаққа бәнде¹ етіп.
Мезгілінде қару қылмай қымылдан,
Бұл уақытта тұрмыз енді хәл кетіп.

II

Ұйқыда жатыр қазақ көзін ашпай,
Кеттік ғой отқа күйіп өрттен қашпай.
Һәр халық айға кетіп жатсадағы
Біздің жұрт шегінеді қадам баспай.

Сахра, сахра деп қалдық надан
Һүнерлі халықтармен араласпай.
Басқа жұрт алтын, күміс мысалында
Простой біздің қазақ қара тастай.

Барына әркім сараң болып кетті,
Бай малын, һүнерпаздар ғылым шашпай.
Қазағым қырық ауызды бола қалар,
Шықса егер пайдалы іске біреу бастай.

Иттифак² жүзден бірі етер болса
Бытырап тоқсан тоғыз кетер тастай.
Хұррият³, инсаният⁴, хаққа ниет⁵
Тұрмайды осы үш сөзді мәхкәм ұстай.

Бай, мырза, халық билеген ұлығымыз.
Файдасыз жемісі жоқ қу ағаштай.

¹ бәнде — адам

² иттифақ — бірлік, одақ

³ хұррият — бостандық

⁴ инсаният — адамзат

⁵ хаққа ниет — ақтыққа, растыққа

III

Аһ десе іштен қайнап шығар жалын,
Халықтың кім түзетер мұшкіл¹ халін?

Далада көшіп қонған сахрауи
Халық еді біздің қазақ баққан малын.

Файдасыз заарына жұмсауыш еді
Сарф² етіп мал мен мұлік, хәйлә амалын.

Алданып көзі жетпей қалған жоқ па,
Махұрым сыбағадан жай қаларын?

Бихабар алдағы істен ғафил болып,
Қақпанның білмеуші еді құрылғанын.

Жиырманшы ғасырға қарсы түрган
Шықпаса шаһbazлар бірлі жарым.

Талапты һүнегр ізден жастар шығып,
Көңілдің шығармаса хәстелерін³.

Европа ғылымынан өрнек алып,
Қазақтың қуанамыз жанаңқанын.

Мақсұтқа мұафиқлы⁴ ғылым тауып,
Тұқымын милләтке әкеп шашқай аның.

Тұманда мұнар һаяу жол таппаған,
Халықтың жолға салса адасқанын.

Бихабар мағрифаттан саңырау қазақ
Мәз болып жүргеніне сақтап жанын.

Көзінен қан ағызып қойған жоқ па,
Қазақ үғлы ұраны алаш барын?

¹ мұшкіл — қыын

² сарф — шығын, жұмсау

³ хәстә — ауру, сиркәт

⁴ мұафиқ — лайық, сәйкес

Қазақтың өз тілінде жоқ матбуғат¹,
Жаһиллік² пен жалқаулық көп, жоқ әһмият³

Дәртке⁴ дәрмән⁵ табиб⁶ қайдан табылар —
Күннен күнгө ауырлады магишат.

Күн көреміз қайда барып алашым?
Білгіштерің хөл мұшқілін қарасын.

Сүйегі жоқ, тіске жұмсақ болған соң
һәр кім жейді біздің қазақ баласын.

Аз емеспіз алты миллион халықпыз,
Әлхэмдулилла надандыққа ғарықпыз⁷.

Жайымыз жоқ онан басқа мақтанар,
Сахрада дикарь болып қалыптыз.

Біздің жүрттың зәррәдей⁸ жоқ намысы,
Ғайрылардың⁹ һүнерменен жарысы.

Мағрифлі озып кетіп миллатләр,
Көз жетпейтін арамыздың алысы.

Надандық шәрбәтіне¹⁰ мас болдық
Зарарға дос, пайдамызға қас болдық.

Үлкеніміз қадимлыққа¹¹ жазылып,
Жәдид¹² деген партияда жас болдық.

Мұнымыз да дұрыс емес — ойласақ,
Файдасы жоқ халқымызға — қоймасақ.

¹ матбуғат — баспасөз

² жаһиллік — надандың

³ әһмият — маңыз, мән

⁴ дәрт — құмар — ынтық

⁵ дәрмән — қуат, жігер

⁶ табиб — дәрігер, емши

⁷ ғарық — бату, қарық болу

⁸ зәррә — бүртік, мысқал

⁹ ғайры — басқа

¹⁰ шәрбет — тәтті ішімдік, жүзім шырыны

¹¹ қадим — ескі, кене

¹² жәдид — жаңаша

Өзді өзіміз дұшман болып жүргенде,
Жарап еді басқаға жем болмасақ.

Айтқан сөзді алмайды қазақ тыңдал,
Тұрмас еді білгіштер сөзін бұлдаап.

Халық файдасы деп біреу сөйлесе егер
Ант етсең де нанбастан тарқар шулап...

Кінені жүртқа аударып ақсынамыз,
Ешнәрсе көрмегенсіп табсынамыз.

Дәреже ісімізде иттифақ жоқ.
Жіберіп ғақыл, назар халық сынаңыз.

▼

Бірлік жоқ алты ауызды халықпрыз ғой
Қатардан сол себепті қалыппрыз ғой.

Ғылым мен мағрифатты керек қылмай
Надандық шәрбетіне қанықпрыз ғой.

Көп өлі көргеніңнен көрмегенің,
Алынбас ілтифатқа көнбекенің.

У беріп бал орнына қамқорыңыз,
Жау болып шыққан жоқ па ел дегенің?

Көрерсің не болғанын сене берсең,
Һер түрлі айтқанына көне берсең.

Соқырдай етегінен мықтап ұстап,
Соңынан ләббай, деп ере берсең.

Молла болсаң өсек көп ерген артқа,
Хакім болсаң күңкіл көп және халықта.

Һүнерлінің дұшманы көп болады
Сол себепті шықпайды ісі жарыққа.

Ғылым үйрен, ашылсын көзің, жастар,
Тәрбиеле өзіңді өзің, жастар.

Өзің біліп ешкімге айтпай қойма,
Білгеніңді тезірек халықа шаш, бар.

Сонда тиер файдацыз аймағыңа,
Кім оқымас рахмет файдалыға.

Һәр нәрсенің фарқына¹ көзің жетсе,
Алдаушының түспессің қармағына.

Білмегеннің зарапын көп көрдің ғой,
Аз беретін орынға көп бердің ғой.

Өз малыңды дей алмай өзімдікі,
Қорыққан күні біреуге тек бердің ғой.

Сөз асылын таниды фәһимлілар²
Ахымаққа айтқаның жайға қалар.

Жұрттың бәрі бірдей деп ойламаймын
Түсінгендер бұл сөзден файдаланар.

VI

Жұмыс көп біздің жұртта ұнамаған,
Нашар жоқ хорлық көріп жыламаған.

Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздар
Тексеріп өз ғайыбын сынамаған.

Аяғын файдалы іске бір баспаған
Ұмтылған өлімтікке бір аш таған.

Түйені туғіменен жұтсадағы
Харамнан нәфсі³ тыйып бір қашпаған.

Һәр істі деп білеміз құдай қылған,
Жап-жақсы адамдарды бұлай қылған.

Ләкин әр кімге алла берді ықтияр
Бәнде өзі тапса керек фиғылынан⁴.

¹ фарқ — айырма, мәніс

² фәһим — ес, зерде

³ нәфсі — жомарттық — нарлық

⁴ фиғыл — ниет, ындын

Шықса әгәр мыңнан біреу білген болып,
Халықтың файдасына жүрген болып.

Қазақтан һіммәт¹ еткен жан болмады,
Бұларға жәрдем көмек берген болып.

Милләтке қызмет етер һұнерпаздар,
Фида етер шыбын жанды шаһбаздар.

Жүр ғой деп біздің үшін мұндай болып,
Қадірін біле алмады ғақлы аздар.

Мысалы қара халық үріккен қойдай,
Бақпаса кетуші ме еді қасқыр тоймай?

Дәрмен жоқ қолдан келер талпынғанмен
Хафа боп қайғырады бұларды ойлай.

Тәнің бар, мысалында жаның жоқ боп,
Сырт бүтін, жанып тұрған ішің шоқ боп.

Алмайтын айтқан тілді сорлы қазақ,
Өз обалың өзіңе болсын шоқ, шоқ.

VII

Бозбала, һұнер, ғылым үйренбедің,
Ел кезіп, өсек айтып сүйрендедің.

Әр қайсың хал қадәрше талаптансаң
Сендерге мен нахақтан бүйдермедім?

Атаңа дәулет бітсе бұлғақтадың,
Хисапсыз сөздер сөйлеп ыржақтадың.

Мәз болып мырза деген қошеметке
Буынып мықыныңнан ырғақтадың.

Бояумен сырладыңыз сырттарыңды.
Керіліп сипадыңыз мұрттарыңды.

¹ һіммәт — жомарттық, нарлық

Қарасам ішіңді ашып дене дәнеме жоқ,
Не десін надан демей жұрт бәрінді.

Малға кедей болғаның жетілесің,
Ғылымға кедей болғаның өкінерсің.

Хазірде құлағыңа кіrmесе де
Файдасын ахырында бір білерсің.

Тағы бар кедей болса бір мінезі,
Бұдағы өз қырсығын білгізеді.

Қылды деп кедей қылса мені хұдай,
Фәтуа¹ мойында май жүргізеді.

Ерте жатып, кеш тұрып керіледі,
Кесіп қып мал табуға ерінеді.

Ертеңгісін ойламай хұдай үрған,
Қайғы жоқ, ішпей, жемей семіреді.

Жер жыртып онандағы егін салса,
Өзіне аз олжа ма жері қалса?

Артығын сатып қант, шай мен киіміне
Хатын бала асырлышық жемін алса.

Және қыс мал жетітүғын шебін шапса,
Онан соң басқа ретпен файда тапса.

Хәрекәттән² бәрәкәт³ көрінген соң
Болмай ма ант үрғанға бәрі де ақша.

Ене ме бұл айтқаным құлағыңа?
Бізге айтқан ғақыл ғой деп ұнады ма?

Хор болып желге кетсең хайран сөзім
Өкінбе жетпедім деп мұрадыңа⁴.

¹ Фәтуа — шешім, келісім

² ҳәрекәт — іс, қимыл

³ берекәт — молшылық

⁴ мұрад — асыл мақсат, арман

VIII

Дариға, жігіт қайда һұнер тапқан,
Жан қызып қызмет етіп халыққа жаққан.
Файрат пен қырық кез жерден су шығарып,
Рахымет ізгі дуға алса халықтан.

Һұнерін халыққа сатып бұлданбаса,
Білгенсіп аз нәрсені сұмданбаса.
Халыққа хақ көнілден айт насиҳат
Не хайлә қала берсін тыңдалмаса.

Жігітті топқа салсаң әбден баптап,
Бойында һұнер болса тұрмас тоқтап.
Жабыдан туған болса мәстек болып,
Жерінде бас көтермей қалар оттап.

Үйренсін балаларың һұнер ғылым,
Өткізбей ойын ойнап бекер күнін.
Жатқанға жан жоламас дегендейін
Көрдің ғой замананың, міне түрін.

Жыламай жас балаға өмшек бермес,
Нәр хәжет ізденбесең өзі келмес.
«Алма піс, аузыма тұс», — дегенге
Халқым-ау, илансаңыз ешкім көнбес.

Патшаға көпдір айтар рижаиміз¹
Берілсе бәрі тегіс біз ризамыз.
Ғаділдік назаратын² жібермесе,
Жұтаған хайуан кібік³ қырыламыз.

Құн бар ма хияннattan құтыларға?
Тең ұстап, бізді ұлық тұтынар ма?
Қой ұстіне бозторғай жұмыртқалап,
Зорлықты бұрын көрген ұмытарға.

¹ рижаи — отініш

² назарат — басқарма

³ кібік — сөкілді

МҮДӘРРИС¹ ӘФӘНДИГЕ² ЖАЗҒАН БІР МӘКТУБІМ³

З... әфәндия жолдадым хат,
Көре алмай дидарыңыз біз бұл сағат.

Мақсұдым жатырқамай жанасуда,
Жан құмар жақсыларға біздің ғадәт.

Іштегі көп хәстәні шығаруға,
Етпекте болған едік мاشауарат⁴.

Сіз болып Исламның хадимінен⁵,
Сахаби⁶ болып тұрсыз, зор мұхаббат.

Ғаламда афзал нәрсе болмас мұнан,
Бір қолда болса мәгәр дәүлет, һиммәт.

Ошақтың үш бұтынан тілеуменен,
Не үафа⁷ дүниеде еткен хәят⁸.

Заманның баһадыры сіздер болып,
Орнына келгей еді еткен хәйриат⁹.

«Таңдағы тәніріден» деп біздің қазақ,
Жетті ғой түбімізге сол ғәғиләт¹⁰.

Қараңғы бір сарайда қамаулымыз,
Есігін кім ашады бұл жөһалат?

Әлбетте өңгелері сіздің қолда
Тәуекел, не тоқтау бар? Бар да қират.

Мендағы тілек шарын салдым сізге,
Һәр іске болғай еді саләхият¹¹.

¹ мұдәррис — сабак беруші

² әфәнді — мырза

³ мәктүб — хат

⁴ машауарат — ақыл, кенес

⁵ хадим — қызыметші, малай

⁶ сахаб — бас ие, қожа

⁷ үафа — адалдық

⁸ хәят — ғәмір

⁹ хәйрият — ізгілік

¹⁰ ғәғиләт — мешеулік

¹¹ саләхият — дарын, қабілет

Құтқарсақ жаһиллікten қамын ойлап,
Нәсліміз оқыр бізге рақымет.

Мұбада ешбір файда ете алмасақ,
Айтпай ма сол үақытта бізге ләғнат.

Олай болса, әфәндім, ұйықтамалық,
Енді оянбай жатуымыз болар ұят.

Хайыр хош, сәләмәт түр ғазизіміз,
Хат язғушы Мир Яғкуб ибн Дулат.

ЖЕСІР ДАҒУАЛАРЫ¹ ХАҚЫНДА

Дау-жанжал көп қазақтың жүрттарында,
Себеп бар фітнәнің шыққанында.
Әуелден әдettеніп келе жатқан
Рәсім болған мынау бір ғұрығларында.

Біздің қазақ халқының бір ғадеті,
Шаригат низамда² жоқ бүл ғадеті.
Фітнәні көбейтуге себеп болып,
Рәсім бол бұзылмай түр ғадеті.

Келе жатыр әуелден ғұрығтай болып,
Мұнысы ұнамаған хұлықтай³ болып,
Дау-жанжал арасынан арылмайды,
Берекесіз бұзылған жүрттай болып.

Хатын алу хақында жанжалдары,
Бүл мирас әуелгіден қалған бәрі.
Көрсөніз бүл күндеңі жанның кәбі
Болмайды даусыз хатын алғандары.

«Нешік?» десен, себеп бар бұған және
Бесікте жатар жаңа туған бала.
Бесікте жатқан ұл мен қыз балаға
Ата-анасы болады құда жәна.

¹ дәгүа — дау

² низам — тәртіп, заң

³ хұлық — мінез



Бала ескенше өтеді қанша заман,
Уақыт қандай болады барса да аман.
Ақсақ, соқыр, саңырау, таз, сақау, мәжнүн —
Сондай бір зағифлықта¹ қалса тамам.

Жаман мен жақсы қалайша тең болады?
Зағиф адам һөр қашан кем болады.
Өскен соң бірін-бірі сүймей тұрса,
Оны нешік қосуға жән болады?

Бір адамда бес жасар бала болса,
Біреуде бойжеткен қыз және болса.
Осы екі бала қалай лайықты,
Атасы ойламай ма дана болса!

Балаға бойжеткен қыз тең бола ма,
Айттыру осы қызды жән бола ма.
Қыз жиырма жасында, бала бесте,
Атасының бергені ем бола ма?

Бір адамның хатыны өлген болса,
Өзі алпыс, жетпіс жасқа келген болса.
Айттырып он бес жасар қыз алады,
Атасына малды көп берген болса.

Кетеді осындайлар жөніменен,
Малының жұмысы жоқ көбіменен.
Ұлыққа ғарыз беріп дау қылады
Өзінің қашып барып теніменен.

Мұнан кейін жанжалға кіріседі,
Арасында барымта жүріседі.
Мұның көбін халық қосса ықтиярсыз
Өз ісін тағы артынан біліседі.

Хөләл² хатын болады осы қалай,
Келеді көңілінің хоши қалай?
Ол хатынның табылар досы талай,
Осыдан хөләл бала тузын қалай?

Қуаныш ойлар қазақ көрейін деп,
Балама жаста қалың берейін деп.

¹ зағиф — жарымжан
² хөләл — адал

Осылай ойлап қызды айттырады
Мерекелі қызыққа енейін деп.

Реніш қуаныштың ахыр соны
Һәр адам аңғармайды ғафыл соны.
Бір хатынның байы өліп тұл қалады,
Көреді ағайыны жақын соны.

Әменгер деп еріксіз оны алады,
Оның ісі қалайша օқалады.
Шарифтта жоқ жұмыс қайдан шықты?
Тұл хатынды алуға жол табады.

Және біреу бес-алты хатын алар,
Тең ұстамай мойнында хақы қалар.
Бұл жұмыс пайғамбардың сұннәті¹ деп,
Дәлел айтып оның бір шартын табар.

Алса алсын көп хатын тең ұстаса,
Әрбірін риза қылып жән ұстаса.
Гұнаһқар болмағанда не болады,
Біреуінен біреуін кем ұстаса?

Пайғамбар көп хатынды алуы рас,
Бәрінің ризалығын табуы рас.
Пайғамбардың фиғылы һұммәтіне,
Әлбетте сұннәт болып қалуы рас.

Хатынның бәрін бірдей көреді екен,
Һәммасы риза болып сенеді екен.
Һәр біріне «сені артық көремін» деп,
Бір алтын білезікті береді екен.

«Сен мұны аналардан жасыр» дейді,
«Мен сені артық көремін жақсы,— дейді.
«Білезікті көрсетпе өзгесіне,
Сенің көңлің ризалық тапсын» дейді.

Бұл сөзге һәр қайсысы нанушы еді,
Соныменен алданып қалушы еді.
«Пайғамбар мені жақсы көреді» деп,
Көңілдері ризалық табушы еді.

¹ сұннәт — мұсылмандық міндепті

Бай қазақтар хатынды көп алады,
Сұннәті пайғамбардың деп алады.
Осындай ғаділдікпен ұстамаса,
Гұнаһқар боп бекерге неге алады?

Біреуін бәйбіше деп дәрежалар,
Екіншіні бала үшін және де алар.
Үшіншіні алады қызмет үшін,
Хисабы күн орнына бағаланар.

Төртінші және алады тұл хатынды,
Әмәңгер деп байы өлген бір хатынды.
Пайғамбардың сұннәті осылай ма?
Ықтиярсыз алады бұл хатынды.

«Әмәңгер» деген сөз жоқ шаригатта,
Қазақ өзі тауып жүр оны жатқа.
— Зәру болсан, ал деген, бірден артық
«Сұннәтім» деп айтқан жоқ тағы халыққа.

Пайғамбардың сұннәті осылар ма?
Сұннәт деп мұны бізге борыш қылар ма?
Байлар тоқал алады қызмет үшін,
Осы да зәруулікке ¹ қосылар ма?

Екі адамның көңілі жақын болса,
Көңілі жақындықпен тату болса.
Бұлар құда болады жақын жүріп,
Соңынан өкінер, іс ғафыл болса.

Бұлар болса өз көңлін шамалайды,
Жөніне жас баланың қарамайды.
Қыз жаман боп, ұл бала жақсы болса,
Әлбетте, оны теңдікке және алмайды.

Жаман қыз жақсы хатын бола алмайды,
Ғұмыры таусылғанша оңалмайды.
Ғаділдікпен ұстамай, хорлайды ері,
Өле өлгенше теңдікке оны алмайды.

Әуелде никахланған ² жар еді ғой,
О да ҳұдай жаратқан жан еді ғой.

улік — мұхтаждық, ділгерлік

Қалады бишараның обалына
Оныңдағы өз теңі бар еді ғой.

Адамның қызығады малына адам,
Адамдығын санайды тағы адам.
Баланың хор болуын ойламайды,
Қылады өз басының ғамын адам.

Біреуге біреу жақын жүрәйін деп,
Құда болар сыр жайын білейін деп.
Бір-бірін сүймесе де құда болар,
Сонымен партияға кірейін деп.

Бірін-бірі тең көрмей қомсынған жан,
Дұрыс жүрмес қомсынып қосылған жан.
Махаббаты басқаға аударылып,
Харам бала туады осылардан.

Бір ғұрфымыз тағы бар біздің және,
Жені осылай бұрынғы іздің және.
Кейінгі жас балаға қаратады,
Қүйеуі өлсе бойжеткен қыздың және.

Біреу байдың малына қызығады,
«Құда боп қызыымды ал» деп қыздырады.
Ақырында бұл адам кедей болса,
«Қызыымды бермеймін» деп бұзылады.

Бір кедей қызын және малға берер,
Қыз риза болмаса оған не дер?
Қыз жылар көзінің жасын артып,
Алғанын шамасы жоқ қайта төлер.

Асығар ұлға қалың беру үшін,
Құда болар мереке көру үшін.
Біреу мал берейін деп келіп тұрса,
Қыз атасы бөгелсін ненің үшін?

Қуаныш сол — жас баласы мал болады,
Білмейді соңыра қандай хәл болады?
Ұл мен қыз бірін-бірі сүймегендеге,
Мал берген ұл атасы дал болады.

Онан да қуанышты бұлай көрсө,
Фәтуәлі болып халық бұзбай көнсө.

Оқытса жас баланы ер жеткенше,
Дәреже болар еді хұдай берсе.

Татарлар дін қарындас өзімізбен,
Оның ісін көреміз көзімізбен.
Оларда біз секілді дау-жанжал жоқ,
Фәтуәлі болады сөзі бізден.

Ноғай қыз айттыруға асықпайды,
Жас балаға құда бол мал шықпайды.
Кемелетке жеткенше оқу оқып,
Дәрежесі қазақтан аз шықпайды.

Жас қызға хұтба¹ оқиды молла тағы
Ризалығын білмейді сондадағы.
Жанжал болса, «мен никах оқығам» деп,
Гуалығын береді соңыра тағы.

Моллалар олжа алады, аямайды,
Жылаған көз жасына қарамайды.
Олжа алған соң жұмысын бітіреді,
Обал, сауап болғанын санамайды.

Осылары дұрыс па моллалардың?
Жүзінің ыстықтығы олжа малдың.
Дау-жанжал болмағаннан болғаны көп
Балаға жаста құда болғандардың.

Қалдырса осы айтқанның һәммаларын,
Азайтар еді қазақ бүл жанжалдарын.
Он жеті, он сегізге бала келмей,
Тоқтатса қыз беріп мал алғандарын.

Он жеті, он сегізге жасы келсе,
Ұл, қыз бірін бірі жақсы көрсе.
Өзінің сүйгеніне бармақ болып,
Атасына сонан мал алсын десе.

Жанжалсыз сонда жұмыс тынар еді,
Шаригат пен низамға ұнап еді.
Мұсағірдің тыйылып көз жастары,
Халық арасы тыныштықта тұрар еді.

¹ хұтба — некеқияр дұрасы

ЖІГІТТЕР

I

Жақсы қыз бозбалаға пар болғандай,
Жігіті душар келсе, жар болғандай.
Теңі емес бір фасыйққа¹ берілсе егер,
Көңілі көтерілмей зар болғандай.

Ғұмыры қызығылты зайды² болып,
Мысалы кен дүнис тар болғандай.
Жетпейтін тәстігіне кеп жамандар,
Ол күнде әлде қандай таң болғандай.

Сатылып кейбір қыздар кете барад,
Бағасы ғәзизәнің³ мал болғандай.
Қожасып «мал бердім» деп жаман шіркін
Жайы бар байқап тұрсақ паң болғандай.

Бишара өздігінен жол таба алмай,
Фазиз бас әүреленіп даң болғандай.
Көрініп ғәриб⁴ хәлі түр емес пе,
Бір міскін халық ішінде жан болғандай?

Бұзылды фәленшениң қызы десе,
Өзіне көрінеді ар болғандай.
Көлденең ағайындар ұнатпайды,
Халыққа соның үшін лаң болғандай.

Жұрт қалып осылардың обалына,
Секілді алушыға хәл болғандай.
Жиһаннан хорлықпенен өттім ғой деп,
Көзінен аққан жасы қан болғандай.

Келе ме осы ісіміз дүрыстыққа?
Көбіне көрінсе де сән болғандай.
Адамды мал орнына жұмсауымыз,
Бір емес бар қазаққа ғәм болғандай.

Сөндіріп ғаділдікті жүр ғой қазақ
Көңілді жарық етер шам болғандай.

¹ фасыйқ — бұзық, азғын

² зайд — бекер, бос

³ ғәзизә — сүйкімді, сүйікті

⁴ ғәриб — мүгедек, сорлы

Қай күні бұл хиянат тоқталады?
Бір емес халық ішінде сан болғандай.

Я шәрғі, я низамға дұрыс емес,
Қазақтың қағидасты заң болғандай.
Бұл сөзім біреуге емес, көпке бірдей,
Хажеті кімге болса сол алғандай.

Мәселен кісі болса аңғартқаным,
Осы хәл өз басында бар болғандай.
Тең болып екі зайып қосылса егер
Арман не ол уақытта аһ, дариға-ай.

II

Болсын да ғақылыңа малың серік,
Һүнерлі сегіз қырлы сырыйң берік.
Дүние аз күн қонақ мысалында,
Болғаны жақсы емес пе өзінде ерік.

Қадірінді білмейтін жаман қызыға,
Сөз жасытып құр бекер өтінбелік.
Жігітлікке мұафық болса егер,
Бой тартып ол уақытта бекінбелік.

Ғұмырында рахатпен өтер жігіт
Ұнатып бір сұлуды алса көріп.
Жарасып бір-біріңе өзіл сөздер,
Отырса махбұбәңіз¹ қасын керіп.

Хайырлы хәлал зайып болып шығып,
Шұбәсіз² көз алартпай жүрсөң сеніп.
Жүреді осылайша қосылғандар,
Тән басқа, жаны бірге секілденіп.

Және де құр сұлу деп қарамалық,
Сыр сыйфатын көрелік көз жіберіп.
Сырты алтын, іші фальші болып шығып,
Сан соғып, құрбыларым, өкінбелік!

III

Ойын күлкі жастықта гүл дейміз ғой,
Сауық сайран етелік жүр дейміз ғой,

¹ мәхбұбәңіз — сүйгеніңіз

² шұбә — күмән, күдік

Сыпайы сөз, сынық тіл мұләйімсіп,
Әдеппенен қатты айтпай сіз дейміз ғой.

Сұхбат¹ еткен сағатың жылға хисап,
Дүниенің қызығы қыз дейміз ғой.
Сахиpjамал болсын деп құрбы ішінде,
Жан фида мал тәрік қып іздейміз ғой,

Мәселен анау артық тауып кетсе,
Бірімізді біріміз күндейміз ғой.
Кере алмаслық мұbtəla² көп хафаға
Сүйгеннен айрылып жүрмейміз ғой.

Риядан болса да көзге алдап,
Мысалы басқаменен күлмейміз ғой.
Алуан-алуан шарты бар жігіттіктің
Хата қылмай еш бірін күйлейміз ғой.

Тоқта, бірақ осыдан пайда бар ма,
Хатамызды өзіміз көрмейміз ғой.
Ұзын сөздің қысқасы, құрбыларым,
Һүнер афзал бәрінен білмейміз ғой.

ЖҰМБАҚ

Һәр түрлі бір түбекті аң жайлаған,
Арыстанды бастық қып хан сайлаған.
Айдаһар, жолбарыстан үәзірі бар,
Батырдың ғайратына жан таң қалған.

Дос болған піл мен қасқыр және барыс,
Һәр түрлі сый зияфат³ ала барып.
Күшті аңының бәрі өзіне қараған соң,
Аузына түскен басқа аң домаланып.

Бұл арыстан мәнзилінде⁴ мекен еткен,
Қанша аңының қаһар етіп қанын төккен.
Болса да қанша ғайып бетке айта алмай
Күңкілдеп ұсақ аңдар жүрген шеттен.

¹ сұхбат — әңгіме

² мұbtəla — душар

³ зияфат — тарту-таралғы, сыйлық

⁴ мәнзия — тұрақ

Арыстаннан ұсақ аңдар не көрмеген —
Терісін төсек қылып, етін жеген.
Бетіне қарсы келіп шақылдаса,
Не қалды ол байғұсқа енді өлмеген.

Осылайша қанша заман өткен екен,
Арыстекең ойға алғанын еткен екен.
Бір зауал¹ һәр камалға² деген мысал,
Батырға бір күн зауал жеткен екен.

Азырақ басқа жерде аң бар екен,
Оларда ғаділшілік зан бар екен.
Арыстанның қол астынан аз болса да
Иттифақлы аңдары, һұнерлі бір хан бар екен.

Бір һұнер бұл ойлаган етейін деп,
Мықты аңың қастығына жетейін деп.
Ғаламға мәшһүр³ аңың ҳаны атанып,
Дүниеден сол есіммен өтейін деп.

Арыстан мен сол ниетпен соғысты ғұл,
Шығарды қарап тұрып жоқ істі ғұл.
Аз аңдар көп аңдарды жеңіп кетіп,
Жерінен алды арыстанның қонысты ғұл.

Бұл аңдар сұрша ғана мақар екен
Файраттың һәм хәйләлі шақар екен.
Арыстанды қарап тұрып масқаралап,
Бұл күнде жәзирада⁴ жатар екен.

Көрдің бе арыстекемнің мерт болғанын,
Жеңіліп дұшманынан дерт болғанын.
«Ісімнен гұнаһ сүмдік болды ма?» деп,
Зұлымдық қылмасқа енді серт қылғанын.

Отырып бір күн арыстан ой қылыпты,
Халық жинап тәубе қылып той қылыпты.
«Хиянат күшті әлсізге етпесін» деп
Аңдарға әмір шашып, қойдырыпты.

¹ зауал — жойылу, кек қайыру

² камал — жетілу

³ мәшһүр — атақты

⁴ жәзира — арал

Тойына шақырмған жан қалмаған,
Тұлқі, қарсак, құлан, киік, сүйр, қоян.
Қасқыр, аю, бұғы, марал, борсық, тышқан,
Хайуанның жыбырылаған бәрі барған.

Арыстанға бұлар айтқан ғариза хәл:
«Мекенен біздің еткен қасқырларды ал,
Жерлерде бұлар жүрген біз жүрмейміз,
Біздерге күн көрсетпес осылар дәл.

Дұшманы жуас аңының қасқыр, қабан,
Жолберыс, айдаһар да фиғлы жаман,
«Тіл тигізіп достарымды сөктіңіз» деп
Арыстан той тарқатып ашуланған.

Жанжалмен тарқатып той болды тағы
Тағы да жиналысты ан баяғы.
«Хорлыққа өлтірсең де көнбейміз» деп
Ән қосып нашар аңдар ал шулады.

Той тарқатып тағы арыстан шатырылаған,
Кебіне жанжал үшін қаһар қылған.
Үшінші рет жүрттық бәрін қайта жиып,
Бағзы нашар аңдарды шақырмған.

Арыстанға бұл байғұстар өкпелеген,
«Ұстайсың бізді хорлап шетке» деген.
Арыстан айтқан: «сіздердің керегің жоқ,
Мәжілісті бұзасыңыз текке» деген.

Бұлардың қалды сөйтіп көз жасына,
Кім білер хорлық келмей өз басына?
Қылмады арыстан уафа тәубасіне,
Аңдардың тоқтау салмай ғауғасына¹.
Өзі еткен әміріне хилаф келіп
Сақина тілеп алды сау басына.

Сол аңдар емес, дейді, әлі тыныш,
Топтанып ғақылдастан күнде жиылыш.
Бұларды өзім барып көрмесем де,
Наныңыз, оқушылар, бекер емес.

¹ ғауға — ү-шу, айғай-жанжал.

Ойына қалай келсе, солай түсін,
Сыртын көріп құр қойма, аңғар ішін.
Өңдегімдей айтуға қаймығамын,
Секілді еді осылай көрген түсім.

НАСИХАТ ҒУМУМИЯ

I

Бұл жазған, замандастар, насхатым,
Емесдур риядан¹, хақ ниетім.
Көңілі ашық, көзі өткір інілерім,
Әр түрлі мұһим² істен файда алатын.

Базары һүнер ғылым ашылғанда,
Лайық емес сіздерге құр қалатын.
Жан фида ғылым үшін мал тәрк ет,
Артылсын күн-күн сайын мәгрифатың.

Файда жоқ іс өткен соң бармақ шайнап,
Алып қал осындайда бар хажетің.
Алмасаң айтқан тілді, ғазизлерім,
Күн болар өкінішпен зарланатын.

Нанбасаң өздеріңіз ойлап қара,
Бұл айтқан болмас теріс дәлалетім.
Әлбетте, кеше болсаң қала бердің
Барларың үғарсыздағ фарасатың.

Біреуден екеу афзал, екеуден үш
Қосылсын һәммәңіздің итифақың.
Жүргенмен жеке-жеке іс бітпейді,
Байқасаң фікір етіп мұның фарқын.

Ішінде темір тордың шынжырлауы
Жатқанын көрмеймісің хайран халқың.
Көп қыып, қорқақ едік, батыр қылды,
Біздерге енді не бар аянатын?

Біз онша сатып алған күл емеспіз
Һер кімді тәбемізге шығаратын.
Болады әбігер заман деген осы,
Байқасан, алаш үғлы азаматым.

¹ рия — ішмерез, өкіжүзді

² мұһим — маңызды

II

Шығады асыл тастан, һүнер жастан,
Тәрбие тәүір болса өүел бастан.
Мысалы ғылым таппақ сол секілді,
Бұлақтың бітіп жатқан көзін ашқан.

Жігітке талаптанған мың рахымет,
Файдасын ғылымының халыққа шашқан.
Жаны ашып нашарларға хызмет етіп,
Салса егер түзу жолға болса адасқан.

Халық үшін жанын қып шыққан болса,
Хайырлы һәр қадамы болсын басқан.
Көрсетіп тар орында таудай ғайрат,
Құтқарса мұхтаждықтан болса сасқан.

Қазақ хор болар ма еді көп болса егер,
Шаһбазалар осы айтқандай һүнері асқан.
Немене бүл күнгі хәл ойлап тұрсақ,
Жақсымыз өз файдасын құр қарасқан.

Азырақ дәулет біткен кісі болса,
«Мен баймын, сен кедей» деп мал санасқан.
Болмаса бірлі-жарым талапкерлер,
Бозбала һүнерпазben жоқ жанасқан.

Һиммәтсіз байларымыз бәрі надан,
Хайыр, ихсан¹, иғанатдан² аулақ қашқан.
«Анау артық, мен кейін қалам ба?» деп
Өзді өзі хесөтлікпен³ құр таласқан.

Молдалар файдалы іске үағыздамай,
Керексіз ұсақ сөзben бахасласқан⁴.
Құзғындау қызыл көрген баар жетіп,
Кісіні көрсе билер бір дауласқан.

Үйінде ғаділдігі ұмыт қалып,
Биекем келуші ме еді пара алмастан?
Уаллахи, көзім көрді мұның бәрін,
Наныңыз, жалған демей, шын растан.

¹ ихсан — жақсылық

² иғанат — жылу, жәрдем

³ хесөтлік — күншілдік

⁴ бахас — бәсеке

III

Һұнерпаз қара жерге салар қайық
Жиһаннан алар тағым қанат жайып.
Һәр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта өтер сайран болып ғайып.

Тұрғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұқайып.

Жүргеннен тіпті қарап файдалырақ
Күнінде үйренсең де жалғыз хәріф¹.
Тамшыдан тама берсе, болар дария,
Кетпей ме ахырында бір молайып.

Қылжақтап екі ауылдың арасында,
Не файда жүргенінен құр сорайып?
Бай болып һұнер білсең тіпті жақсы,
Зор қару дәүлетінді бүл сақтарлық.

Тым артық кедей болсаң оқығаның,
Білгенге қыын емес кету байып.
Мағлұмсыз мал дәүлеті уақытша
Бүгін бай, ғажап емес ертең ғәриб.

Дүниеде кедейлік жоқ һұнерпазға,
Түседі ләхытқа бірге барып.
Мысалы надандықтың қараңғы түн,
Білгеннің жүрген жері бәрі жарық.

Бұларды айту бізден, істеу сізде
Мұбәда іні болса үлгі аларлық.
Фибрат дүниеден алар болса,
Көрінеу түр кісіге сөз ұғарлық.

Қызына айтып келінге байқатқандай
Мағнасы көпке бірдей сөз шығардық.
Түсінер ишараға фәһімлілер
Түс ашып «сол солай» деп не қылалық.

¹ хәріф — өріп

Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
 Жақсы емес қатты болу тікенектей.
 Фылымың болсадағы ұшан-теңіз,
 Файда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.

Көрген мен көрмегендеге көп фарық бар:
 Ашылмас жігіт адам сыннан өтпей.
 Лайықсыз ерсілікке арандама
 Һәр істің мазмұнына көзің жетпей.

Ғибрат ал жақсыларға жақын жүріп,
 Қаша гәр жамандықтан аулақ шеттей.
 Не нәрсе талаптансаң табылады,
 Уафа жоқ ер жігітке жафа¹ шекгей.

Мысалы хәрәкеттің сол секілді,
 Алмассың егін орып тұқым сеппей.
 Файдаңды жақсы болсаң тигіз көпке
 Жатырқап һеш адамды сыртқа теппей.

Кезінде кезең жерден қосылып қал
 Бәйгеге ұлы дүбір өткен көктей.
 Мақсұты хасыл болып ойындағы
 Илаһим² ер тілегін мақбұл³ өткей.

Тәуекkel кемесіне мініп шыққан,
 Фылымның талиблары⁴ нұрын төккей.
 Аз біліп көпке ғашық болғандардың,
 Ләzzәті⁵ таңдайынан жүрген кетпей.

Қанағат көп білдім деп етпе һүнерге
 Көре бер басқалардың азын көптей.
 Жасында қалсаң маҳрұм сан соғарсың
 Болмайды жаман нәрсе өкініштей.

Шалқайып үйде жатсаң дәнеме жоқ
 Сарф етіп ижтиhatpen⁶ малын төкпей.
 Таппасаң дерктеке дауа, ғазизлерім,
 Хафасы жүрттың қалың ауыр дерттей.

¹ жафа — азап

² илаһим — хұдайым

³ мақбұл — қабыл

⁴ талиб — талапты

⁵ ләzzәт — рахат тисіну, құмары қану

⁶ ижтиhat — тырысу, жанталаңу

▼

Шәкірттерді өтейінші бір жанап,
Шетке үстамай сіздерді де бір санап.
Неше түрлі бүл заңдана ғылым бар,
Үйренуге файдалысын қыл талап.

Өзіңнен зор кітаптарды көтеріп,
Мағынасын білмей жүрме құр қарап.
Бірін сөгіп, бір хәлфені мәдахлап
Көше таптап, қыдырып, жүрме тарап.

Ата-анаң, ел-жүрттың көп үміткер,
«Фәленше жан келеді», -деп, -«іске жарап».
Сол үміткер шырағы сіз болсаңыз,
Үміт босқа шықпасын, үмтүл бірақ.

Хәрәжәт¹ кем көбіндеге болса дәғы
Мұхтаждыққа не түрлі оқы шыдап.
Мехнәттан² рахәт болмай қалмас
Бір көрерсің файдасын ахыр, шырақ.

Орысша білмек қазаққа бек ләзім,
Руссияда болған соң біздің тұрақ.
Сусыныңды бардағы қандырып қал,
Мысалы ғылым жатқан ағып бұлақ.

Газет, журнал оқы да мағлұмат ал,
Көз жіберіп һәр іске салып құлақ.
Аршын жүтқан кісідей қақырай ма,
Намыстанбай, білгеннен үйрен сұрап.

Көздің жасын құргатар жігіт қайда?
Таршылықта қазақ түр біздің жылап.
Жүріп, жастар, араға жақындастыр:
Біздің халық һұнерден жатыр жырақ.

Құрт жайланаң тамырын қу ағаштай,
Бір күн сынып не болдық кетсек құлап?
Кім қызықпас жүрегін бір жалғауға
«Мені же» деп алдында жатсақ сұлап?

¹ хәрәжәт — ақша

² мехнәт — бейнет, азап

Әуелі үйренетін бір ғылымың,
Өзінің мұсылманша дін ғылымың.
Шарттарын исламның кәміл білсең,
Ахиреттік азық берер шын ғылымың.

Бұйырған, тыйған ісін шаригаттың:
Секілді фарыз, үәжіп мұны үфуың.
Хат жазып, түркі танып, құран оқып,
Қираәт¹ қағидамен² жүргізуң.

Мұғалім аз оқумен бола қалсан,
Мәзкурларды сәбілерге білгізуң.
Мұдаррис үлкен ғалым болғың келсе,
Шаһардағы ғали³ медресеге тұр кіруң.

Екінші хажет ғылымың орысша дүр,
Өзіңе бек файдалы тіл білуң.
Қараған мемлекетің низамы не?
Мұны білсең сақталар дүниелігің.

Руссияның закондары өз тілінде,
Көрдің бе білмегенге зор қының.
Әлбетте, ہәм русша шығарады
Һәммә кітап, рисала⁴, газеттерін.

Нәр түрлі халыққа деген бұйрықтарын,
Жазбайды біздің тілде бірде бірін.
Көзіңің шарасы бар, көзілің соқыр,
Немене білмеген соң көрген күнің?

Әуелде біздің қазақ қорқып еді,
Баланың ыхтимал⁵ деп бұзылудын.
Шоқынып солдат болып кетеді деп,
Қайтерсің білмеген соң іс мазмұның.

Кеш біліп, кенже қалып көп файдадан,
Жібергені сол емес пе жер мен сүйн.
Жол тауып әлде болса данышпандар
Дүшманның құлатқай-ды тіккен туын.

¹ қираәт — әндептің оқу

² қағида — ереже

³ ғали — жоғары

⁴ рисала — шығарма, кітапша

⁵ ыхтимал — қалай ма қалай

Кім жақсы халық ішінде байлар жақсы,
Кедей жақсы дегенді іздеп тапшы.
Рас қой байлық артық екендігі,
Орныменен дәулетті, байлар, шашшы.

«Мал бітсе, соған бітсін!»— деп айталық,
Халыққа жомарттықпен болса басшы.
Не файда бәхіл¹ болып құр жинаса
Ондай пасыңқ сараңнан алыс қашшы.

Мәз болмай мыңдап жиган малыңызға
Ұмтылып ғылымға да көзінді ашшы.
Көре алмай біреуіңен бірің ассан,
Өзді өзің күншілдікпен болма аңы.

Бірінен бірі тәғлим² алмақ үшін,
Бұл күнде жердің жүзі араласты.
Білуге білмегенін құмар болып,
Һәр қайсы өрге ұмтылып жағаласты.

Азы көптен қорқып та қарап тұрмай,
Һүнер, ғайрат, білімін шамаласты.
Бойға сенген биіктөр жайға қалып,
Талаптанған нашардың амалы асты.

Ұл, қыз демей баланы оқыт, қазақ,
«Пәлі, делік сонда біз, мынау асты».
Қазақ ойлар балама қалың берсем,
Оң жағымда отауым сонда ұнасты.

Мұны файда деп білме балаңызға,
Тұсау салып аяққа байлар басты.
Үш бұтынан ошақтың шетке шықпай,
Үйде отырып жасытар гауһар тасты.

Ата малы сенгені болып кетіп,
Жалқаулыққа салыну жарамас-ты.
Тәрбиесіз тоң мойын бай баласы
Қайтарып жүр әр жерде ыхыласты³.

¹ Бәхіл — кешіру

³ Тәғлим — үйрену

² ыхылас — шын көзіл

VIII

Бір айтпадым көп айттым керек һүнер,
Бұл айтқанға халықта көп пе көнер.
Бұл заманда, көз салсан, бір мінез бар:
Дұрыс сөзге табылmas кісі сенер.

Сондадағы сейлемей тұра алмас тіл,
Жалғандықты хәқиқат ахыр жеңер.
Жатқан зарды ішіңнен шығармасаң:
Ойда нең бар? — жұрт сені қайдан білер?

Жуан қоныш, кең қолтық қазақтар деп,
Құлағынан тұмақтың тартып күлер.
Өтірік деп айтуға тағы орын жоқ
Намыстаннып, көргенде көңілім жүдер.

Азын-аулақ болмаса саналылар,
Бозбалалар көбіңнен үздім күдер.
Мыңнан біреу шыққанда басшы болып,
Жүзден біреу шықса еken соңына ерер.

Һәр тайфадан¹ бір білген болып тұрса,
Сонда жұртқа шұбхәсіз үлгі берер.
Халық файдасын күзетсе осылайша,
Ісімізге, әлбетте, береке енер.

Бұл айтқанның маҳрум һәммесінен
Қалсақ бізді халыққа кім теңгерер?
Қайтіп тұрсын үндемей білген адам
Ғақылы дария, көзі өткір, көңіл шебер?

Алла жаққан кеудеде оты болса,
Су бүрккенге бәнденің қайтіп сөнер?
Тамши қаны, қалғанша шыбын жаны,
Шаһбазлар білгенін жұмсап көрер.

Жеті өлім жоқ, біреуден — құтылу жоқ,
Ахыры — тәқдир² жеткенде бірақ өлер.
«Топырақты үйден жаз» деп сұрайтын
Жаны тәтті жақсылар бұған не дер?...

¹ тайфа — тайпа

² тәқдир — тағдыр

IX

Ағайын барды күндеп көре алмайды,
Жоқ болса жомарттық қып бере алмайды.
Кеткені берекенің сол болмаса,
Білмеген білген тілін неге алмайды?

Екі көз бір-біріне дұшман болып,
Болса да қандей жақын сене алмайды.
Ұрысса хатын-бала әлде қандай,
Үйіне бір-бірінің ене алмайды.

Ғұмыры ит жығыспен бара жатыр,
Белгілеп бірін-бірі жеңе алмайды.
Көлденең ағайындар дәләлат¹ қып
«Сіз бүйтіп бұзылмаңыз» дей алмайды.

Бастаса файдалы іске біреу шығып,
Соңынан көмек беріп ере алмайды.
Мал беріп жамандықты сатып алып,
Берсең де жақсылықты тек алмайды.

Арада фітнаның өрті жанса,
Құйса да туфан² сүйін сөне алмайды.
Әүре боп бірін-бірі жоғалтам деп,
Татулық иттифаққа келе алмайды.

Дау десе жаны құмар бишараның,
Онымен һеш бір нәрсе өне алмайды.
Аударып хақ фиғылын бұзықлыққа,
Жүре алмай түзулікпен оқалмайды.

Береке кәсібінде болмаған соң
Түзеліп һеш шаруасы оралмайды.
Біреуі біреуінен артық болса,
Бір-бірін илтифат пен тең алмайды.

Дұшманы сырттан болған жеседағы,
Онда да тізе қосып кек алмайды.
Жамандап бірін-бірі мұқатса да,
Ешкімнен мұның жөн деп шен алмайды.

¹ дәләлат — делдалдық, ара ағайыншылық

² туфан — топан сүйі

X

Құл десең биді күледі,
Құл десең құлды өледі.
Асыл дегдар заттарды
Мақтанбай әркім біледі.

Іші алтын, сырты мыс
Білмегенсін жүреді.
Сезікті адам секіріп,
Мадақтап өзін көреді.

Тәнірі жаққан шам-шырак,
Су құйсан қайтып сөнеді.
Намыстанип орынсыз
Абройын пенде төгеді.

Пенденің тілі сүйексіз,
Жеңілсе де жеңеді.
Орынсыз іске матассаң,
Жамандық сонаң өреді.

Ықлассыз кейбір надандар,
Тасқа егін себеді.
Ақымаққа айтқан нәсихат
Дәл осымен тең еді.

Пендерін деп жүр мәз болып
Дүние жузі кең еді.
Өскен жігіт миау боп,
Кімге ғибрат береді.

Алтыныңды мыс етіп,
Бос сөзден не өнеді.
«Аздан тұтын асылды»—
Данышпандар деп еді.

Жүгенсіз кеткен бас асау
Айтқанға қайтып көнеді.
Көніл батыр, тіл қорқақ,
Айтатын сөзім көп еді.

XI

Қыздырманың қызыл тіл
Түбіне жетер — соны біл!

Пайдасы жоқ тиындаі,
Сөз байлығы дария Ніл.

Күле кіріп, күңірене —
Үйіңнен шығар ол құрғыр.
Көз алдыңда бір түрлі,
Шыға беріп шашар сыр.

Тілімді алсан, жігіттер,
Ондайлардан аулақ жүр!
Жақтай жүр афзал заттарды
Бейне бір сөзі ол бұлбұл.

Жарысқа салсаң жаратып
Озатын мыңнан бұл дүлдүл.
Саяхатшы біз бенде
Сайрандауға дүния гүл.

Бейхабар жатба, жас ұлан,
Шығып тұр хазір һәрбір тұр.
Һүнерден алып үлесті,
Халыққа шашсақ болар нұр.

Қатын бала асырап,
Мал жиганың бұлай тұр.
Хайуаннан артық қай жерің
Надан болып жүрсөң құр.

Жақсымен өткен мәжіліс
Бір сағаты бейне жыл.
Жаманның сенбе сөзіне,
Тайдырып кетер жінішке қыл.

Дегенге «доспын» тез наңба:
Сырын біліп, көңіл бүр.
Аяғыңды байқап бас,
Кез келмесін қазулы ор.

XII

Шікірейіп, я жігіттер, кетпелік,
Инсанлыққа ерсі жұмыс етпелік.
Қарастырып халық пайдасын жабылып,
Көмек беріп мұхтаждарға көптелік.

Файдасы жоқ исрафтан¹ бой тартып,
Керексізге бекер малды төкпелік.
Кәдәри хөл біреу шықса талапкер
Рәд² қылып хәсәдліқпен сөкпелік.

Қайда қалған өткен заман қызығар?
Омыраулап күшке салмай, етпелік.
Әлде қандай заман болар алдыңда
Ғафилдықта бекер шулап өтпелік.

«Мынау керек» деген істен құр қалмай,
Нашар істен шама келсе шеттелік.
Халыққа келсе мұбада бір таршылық
Мұны, әлбетте, басқа демей, дерт делік.

Сүйекке сіңсе, пайда бермес, жамағат,
Жақындастып бойымызға ертпелік.
Тың кезінде қалған жақсы қимылдан,
Тұрса тәуір үнемі бізге ерік беріп.

Кіріспекші болсаңыздар бір іске,
Үәдені бұза бермей ет берік.
«Мынау ісің хата» деген кісіні
«Сөкті мені»— дей көрменең жек көріп.

Басқаларды кемге тұтпа, мырзалар,
Өзінді өзің әлде қандай биік көріп.
Екі жүзді бола көрме, асылым,
Сырттан сөгіп, мәдих етіп бет көріп.

Ертөнгіне қалма ұмытып, шыншылым,
Достарыңа бүгінгі күн серт беріп.
Сырты дос бол жүрген болса, іші жау —
Ондай итке: «Маңайымнан кет» делік.

XIII

Фибрат жаздым жасқа өткен талап,
Қасыңнан ұран салып өттім жанап.
Желікпей, жүйрік болсан, тұра алмассың,
Кермеде арғымақтай түрған жарап.

¹ исраф — төгіп-шашу

² рәд қылу — кері қағы

Һәр баптан шешен болсаң сейлемерсің,
Бұлбұлдай бақшадағы бейне сایрап.

Күнінде қызығылықты қимылдаپ қал,
Тіл мен жақ, байланарсың бір күн әлі-ақ.

Һүнерден бозбалалар үлес алмай,
Махұрым үйде отырып қалма қарап.
Сен өсіп кемалатқа жеткеніңше,
Базары бұл ғылымның кетер тарап.

Тарылып дін дүниеміз бара жатыр,
Япырмау, білген бар ма бұл не ғажап?
Ойламас ертеңгісін не болар деп,
Салынып жалқаулыққа біздің қазақ.

Һәр түрлі кемшилікті ғибрат қып,
Етеді басқа жұрттар бізді мазақ.
«Бекер» деп құр кеудеге сала бермей,
Бізге де лайық қой мойынға алмақ.

Жарысып жұрттың бәрі һүнерменен,
Болып тұр қалам, сия қару-жарақ.
Білімді мыңды, білекті бірді жығар,
Халықтың артуына һүнер сәбәп.

Тәуфиқлы¹, инабатты² болсаң, жігіт,
Құрметтер халық сені дәрежалап.
Ұағдәсіз өтірікші болсаң мәгәр,
Бәддүға³ оқыр саған һәркім қарап.

Афзалын мінез-фифыл, жүріс-тұрыс,
Лайық мұның бәрін алсаң таңдалап.
Сырың, бір, қырың сегіз болсын, құрбым,
Бұл өзі бозбалаға ауыр салмақ.

XIV

Басылсын халыққа тарап бұл книжке,
Жазылған келгенімде жиырма беске.
Көдірлеп сөз асылын танығандар,
Қолына вла отырын мәжілісте.

¹ тәуфиқлы — тәрбиелі, көргенді

² инабатты — сенімді

³ бәддүға — қарғыс, теріс бата

Өзіммен мәсіләктес¹ құрбыларым,
Көтеріп лақабымды алсын еске.

Мағыналы сөзім терең болмаса да,
Бір өсер бермейді деп үміт кеспе.

Міржақып бар сөзімен базар ашты,
Жиылып, һұнерпаздар, кел кеңеске.
Сынына білгіштердің сөзді салып,
Болмайды «ғақыл, совет» бер демеске.

Өзіңді биік ұстап менмен болып,
Лайық па емтихан ғып тергемеске.
Тал түсте қойға қасқыр шауып жатса,
Дұрыс па көре тұрып үндемеске?

Һәр іске өз формынша баға беріп,
Хиянат — теріс, ғаділдік — шын демеске?
Білімсіз топас болсаң мойынға алып,
Бола ма ғайрыларға «біл» демеске?

Іс істе татулықпен басың қосып,
Файда жоқ құр шулаған ерегісте.
Шамаңдан келмес жерге бой көрсетпей,
Бұлданба өз қолынан келер іске.

«Фәленше білсін» деген сөзге мәз болп,
Мырзалар, тілімді алсаң еліріспе.
Жұмысқа абройсыз қатынаспай,
Бел байлап тәуекел қыл жеңер іске.

Һәр іске һұнер, хәйлә керек болар,
Тіл алсаң омыраулап салма құшке.
Бұл сөзім илтифатсыз босқа қалып,
Түбінде қалып жүрме өкінішке.

XV

Көңілі бозбаланың ашылғандай,
Құмары кәрілердің басылғандай.
Ләzzәті көпке бірдей сөз шығаршы,
Халыққа файда беріп шашылғандай.

Һәр кімнің қышуына тие сөйлеп,
Мәдихлап дәреженді асырғандай.
Сөзіңмен дұшманды азайт, досты көбейт,
Тасалап ғайыбыңды жасырғандай.

¹ мәсіләктес — пікір бағыты, нағымы бір

Һүнермен құрбы ішінде көсемдік қыл,
Өзіңе мұхтаж келіп асылғандай.

Артылып достарыңың маҳаббаты,
Болмасын дүшмандарың басылғандай.

Жақынсып жүртқа тегіс сене берме,
Білдің бе: досың қандай, қасың қандай?
Болмаңыз көрсе қызар көрінгенге,
Байқаңыз: фасық қандай, асыл қандай?

Енеңді шыға беріп кетер боқтап,
Көзіңше болсадағы бас үргандай.
Хафада жүрттың көбі жүр әуре боп,
Мақсұды көңіліндегі хасыл болмай.

Арыстандар айға шауып мерт болып тұр,
Файраты бойға сыймай ашынғандай.
Бұл күнде көбі хор боп жүр емес пе,
Шаһbazлар қалың жауды қашырғандай?

Файда жоқ ірілікте, байқасаңыз,
Кез жібер: олақ қандай, тәсіл қандай?
Фасықтар ер қадірін қайдан білсін,
Көрмейді ой жіберіп нәсіл қандай?

Файдасыз мылжың сөзді әркім айтар,
Келмейді сөздің нәші асылданбай.
Һеммесын бұл айтқанның байқамайсың.
Өзіңе өзің, жігіт, қасың бардай.

XVI

Әфәндім, хата қандай, анық қандай?
Бұл күнде көз жіберсең ҳалық қандай?
Ілгері басқан аяқ кері кетіп,
Хафада жәрдем таптай тарыққандай.

Арасы аспан менен жер секілді,
Мысалы, қараңғы мен жарық қандай?
Хиянат ғаділдікпен жанасар ма,
Байқасаң, арасында фәрқ қандай?

Бенденің бірі күшті, бірі нашар,
Өлшесең жоқтықпенен барлық қандай?
Берер ме қойшы болып қасқыр уафа,
Ізгілік залымдықтан ғаләб¹ болмай?

¹ ғаләб — жеңіс

Жақсы-мен жаман кетті араласып,
Фиғылын һеш адамның танып болмай.
Оқініш күн өткен соң бермес файда,
Ғылымның шәрбәтінен қанып қалмай.

Тұрғанда тән сәләмәт неге отырсың,
Жеріңе көңілге алған барып қалмай.
Жармасып жағаласбай дәнeme жок,
Тиесілі сыбағаңды алып қалмай.

Жұмсайтын һұнер орны кез келгенде
Зәррәше болсадағы салып алмай.
Көз жібер һәр нәрсенің асылына,
Сөзіне алдаушының нанып қалмай.

Жастықта не қылсаң да жарасады,
Қартайып күнің болар жалыққандай.
Қан түссе аяғыңа озар мәстек,
Осындай аманыңда шауып қалмай.

Бел байлап тәуекелге жұм көзінді,
Ешкімнен жүрексініп хауыфланбай.
Газизлар хафалықта жүр әуре боп,
Неш нәрсे бұл уақытта анықталмай.

XVII

Болады Торғайский уәләятім,
Тайфам Арғын, Мадияр асыл затым.
Бұл сөздің мұхаррірі һәм наширы
Дулат-оғлы Мир Яғкуб өзім атым.

Зәррәшә халыққа файда келе ме деп,
Бұл еткен сол ниетпен хызыметім.
Қыстырып қедәри хал айттым назым,
Көтеріп оқушының көңіл шатын.

Сөзімді жауып қоймай халыққа тарат
Тілейтін құрбылардан бір хажетім.
Майданға сөзді салып құрдым дүкен,
Неш істің тәніріден деп қабулетін.

Һұнерге жүрмін сусап құмарланып,
Ғылымның аз татқанға ләzzәтін.
Тағлим тәртіп үшін жүргендеймін,
Іздеу мен жері болса табылатын.

Школге берген еді атам мархұм
Заманың түрін көріп тарылатын.
Орыстың тілін біліп, хатын танып,
Біреуге болмасын деп жалынатын.

Болғай-ды жайы жәннат, иман кәміл
Бихисаб еткей алла рахметін.
Аз білген ғылымымның саясында
Милләтке хызмет ету ижтиһадым.

Білдіру білмегенге білгенімді
Өзімнің деп білемін зор міндетім.
Мен жүрмін жиһан кезіп, халық аралап,
Жүргүге күн болар деп жалығатын.

Һәр елді өз көзіммен көрейін деп,
Себеп боп мұталиғам¹ ашылатын.
Улгілі жақсылардан өрнек алып
Мақсұдпен арттыруда мәғрифатым.

Көп файда аз ғылыммен көрсетпесе,
Көп біліп кім болады Әфлатон?
Файдасыз ғылымда жоқ ешбір уафа
Ішүге абын судай жарамайтын.

Болғайсың таудан аққан тәтті бұлақ,
Ыстықта шөлдегендер жабылатын.
Қысылған мұхтаждарға жәрдем беріп,
Халықтың өзіңе аудар махаббатын.

Қадірің досжарларға болсын сондай,
Сыртыңнан көрмегенде сағынатын.
Өскенде һұнер табам деп ойлама,
Һәр нешік күнің осы талпынатын.

Зиһінім² хайыршының дорбасындаі,
Қайткенде артылады мағлұматым?
Жастықтан қызығылықты болар заман
Я өліп, я қартайып айрылатын.

¹ мұталиға — баҳыт, ырыс

² зиһін — зерде

Ескеरту: «Тәржиман» газетінің мұхаррире машһүр Исағил Гаспринский жәнәблері біздің қазақ халқына жаңы ашып, өзінің газетасының 1909 жылғы 46 нөмірінде төмендегі сөздерді жазған. Кейбір түсінуге ауыр лұғатларын¹ қазақша етіп жаздым.

Гаспринский жәнәблері жазады: «Келсе сабан-бітер шобан, жетсе заман-үйіріміз аман». «Аральскийден Ақмолаға шейін һәм онан да ары Ташкенттен Алматыға уә Семипалатқа қедәр² яғни Россиядан қазақ іштеріне Түркістаннан Сібірге шейін темір жолдар салынуы мізакирә³ етіліп жатыр. Шәһәрде тұратығын халықтар, хусусан саудагерлер, һәм үкімет те осылайша болуын ұнатады. Олай болғанда бес-он жылдың ішінде темір жолдар тартылып, отарбалар, вагондар қазақ даласының басынан кіріп, аяғына шығашақдыр.

Мәғлұм ғой, темір жолдарымен көп сатушы, алушы, жер алу үшін хахолдар селдей ағып келеді. Малдың, жердің, судың бағасы бұл күнгісінен он есе көтерілешек, сауда істері де үлкен өзгерер, ілгергі хәлдерін ойламаушылар һәләк⁴ болашақ. Не үшін десеңіз, бұл күнге шейін қазақ халқы қала салып бір жерде отырмай, һәмән мал бағып көшпелікте жүр.

Россиядан үсті-үстіне көшіп келген мұжықтар қазақтың жақсы жерлеріне орнығып, қазақтар шәл далаға шығып қалар.

Жері тарайса малдың өрісі қысқарар. Өріс қысқарса күннен күнге аяқты мал азаяр. Бұлай болғанда қазақтың өуелі малы кеміп, бастарына зарар болар. Құдай өзі сақтасын! Мұның һәммасын кере тұрып ғафил жату адамшылыққа лайық емес: қазақтар ата-мекен жерлерін, қыстау, егіндіктерін жақсы сақтасын, бұрынғы көп жерінен айрылып қалғандары өздерінің қазіргі сыбағасына тижен жерлерін тәрбиелеп, ногай, сарт, орыстарша егін салсын. Неге десеңіз, бұл заманда байлық аяқты малда емес, егінде қалды. Бұл өткен қырық елу жылды көзінен кешірген қазақ бауырларымыз аз фәһім жіберсе, бұл сөзді аңғарар.

Сөз басында «Келсе сабан-бітер шобан» дегеніміздің мәнісі: бұрынғы уақытта біздің Қырым халқының көбі дәл қазақ секілді мал асырап, көшіп жүреді екен. Араларына орыстар, немістер келіп, қала болып, егін сала бастаған соң

¹ лұғат — сөз, сөздік

² қедәр — шейін

³ мізакирә — кеңесіліп

⁴ һәләк — мерт, жоқ

бұлардың малдарының өрісі тарылып, біздің сол мал бақ-қан халқымыз елу жылдың ішінде тамам жойылды десек жарайды. Бұл күнде қабірлерінің де қайда екені мәлімсіз. Бұл күнгі Ставрополь, Екатеринослав, Херсон, Бессарабия губерниялары түгел түрік жерлері еді. Қазірде ол жерде нешбір аулымыз қалған жоқ. Олардың бастарына бір қырғын келген жоқ, мағлұм мал бағатын жер-суынан айрылған соң азып-тозды.

Бізге анық мағлұм, бұл жазған сөзімізді мындан бір қазақ оқыма, оқыған болса бұл күнге шейін мұндай қызғанышты¹ халде қалмас еді. Бинаи ғалия, бұл сөзді кім үшін жазамыз? Қазақтан болған молдалар, саудагерлер, мұғалімдер, ғылым жолында жүрген жастарды көздел һәм көңілде тұтып жазамыз.

Құдайдың әмірімен қазірде Хожа Ахмед Яссави хазіретлері қабірінен тіріліп шықса, қазақ халқына дін үйретпес еді. «Өздерің де мұсылман екенсіңдер»,— деп, дүлдүліне мініп алып, Қара Еділден Алатауға, Омбыдан Әмударияға шейін қазақ бар жерді арапап: «Тез жұрт салып, шәһер болындар, егін саймандарын алып, жер жыртындар»,— деп жар салар еді.

Басында ми, көңілінде сәулесі бар һәр кісіге қадари хал жәһід етіп қазақ халқын оятуға қала болып егін салуға қызықтыруға міндет. Қазақ ішінде имам болушылар бес уақыт намазды оқытуға қандай жәһід қылса, бұл іске де сондай жәһід қылсын. Егер қазақ халқы таршылықтан қырғындық тапса, қабір басындағы тастарға молланың не қажеті бар, намаздың не қажеті бар?

Жоғарыда моллалар, саудагерлер, мұғалімдер деп едік, сөз ақырында қазақтан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын. Европаның пролетариясы үшін қанды жастар тәгүіңіз пайдалы, бірақ өз халқының қазаққа артық назар салыңыз, орыстың қара халқы мазлұм², күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа қарағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер». «Мәрхамат!»³.

СӨЗ АҚЫРЫ

Жақындағанда келді сөзім тамамына,
Ұсындым сыйнаушының назарына.
Орынсыз хатам болса көрсетіңіз,
Фибрат еске түсіп аларыма.

¹ Қызғанышты — аянышты

² мазлұм — тепкі көрген, жәбірленген

³ Мәрхамат — қайрымдылық

Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,
Халық тентек, жалғыз өзім мақұл болып.
Қайғы мен хәл мүшкілін білдіргенім,
Үйқыда жүрт жатқан соң ғафыл болып.

Қазақтың өзімдегі баласымын,
Білемін сол себепті рәсімін.
Хәйламен қақпан құрган жауды көріп
Теріс пе сізге келіп сыр ашуым?

Мұсанниф¹ һәр халықтан өткен сайрап,
Заманың кемшілігін айтқан зарлап.
Үзілмей данышпандар шығып жатыр
Милләтке жаңы ашып, ғамын ойладап.

Орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов,
Крылов, Тургеневтер кеткен өтіп.
Қартайп бұл уақытта Толстой тұр
Өзіне мәсіләктес ерлерді ертіп.

Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен
Халықтан мойны озып болған көсем.
Семейден шықты Ыбрай Құнанбаев,
Сөзінде хате бар ма сынап көрсөң.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын, мағынасы меруерттей.
Оқыған ғибрат алып жас жігіттер
Һәммесі өз халқына хызмет еткей.

Оралдан Әбубәкір молла шықты,
Омбыдан Қыпшақбайдай жорға шықты.
Торғайда Ақмолла мен Нұржан жатыр,
Шөже, Орынбай, Мәшіһүр Жүсіп о да шықты.

Бұлардың әрбір сөзі файдаға асқан,
Һүнерін хатқа жазып халыққа шашқан.
Мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға
Фажайып хикмәттің² кілтін ашқан.

Бұлардан басқа ақын көп сөз бұлдаған,
Бергенді мақтап, сараңды жамандаған.
Есімін оның үшін жазбаймын мен
Болған соң хадимлардан саналмаған.
Һәр баптан білгенімді жаздым сорттап,
Барыма қанағат ет деме жоқтап!
Артуын абройдың ҳақтан тілеп,
Етілді сөз мұхтасар³ қалам тоқтап.

¹ мұсанниф — автор, құрастыруышы

² хикмәт — дاناлық

³ мұхтасар — қысқартылған

МАЗМУНЫ

Ақынның азаматтық ажары (М. Әбсеметов)	5
Сөз басы	15
Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі	17
Қазақ халқының бұрынғы мәғишаты	21
Һүнерменен хасыл болған нәрселер	23
Сайлаулар хақында	25
Қазақ жерлері	29
Месжід-медресе хақында	31
Қазақ халқына діни бір үағыз	33
Һүнерін халық файдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға	36
Терме	37
Таршылық хәліміз хақында аз мүнәжжат	38
Мұдәррис әфәндіге жазған бір мәктубім	48
Жесір дағуалары хақында	49
Жігіттер	56
Жұмбақ	58
Насихат ғумумия	61
Исмағил Гаспринский жәнәблөрінің сөзі	78
Сөз ақыры	79

Теруге 20.01.91 жіберілді. Басуға 17.02.91 қол қойылды. Қалпы 84×108^{1/2} баспа қағаз. Шартты баспа табагы 4,2. Есепті баспа табагы 3,75. Тиражы 100 000 дана. Заказ 232. Барасы 3 сом.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «КІТАП» полиграфиялық кәсіпорындары ғндірістік бірлестігінің билет-бланк жөнө жедел ғнімдер баспаханасы, 480016, Алматы қаласы, Карл Маркс көшесі, 15/1-үй.